

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 455 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 10 қазанда № 7243 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 219 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 16.04.2014 № 219 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жол полициясының жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі, қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудағы, оның қызметінде заңдылық пен тәртіпті нығайтудағы қызметін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) жол полициясы қызметкерлерінен сынақтар қабылдай отырып, осы Нұсқаулықты зерделеуін ұйымдастырсын;

2) жол полициясы жол-патрульдік қызметінің жұмысын осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын;

3) Қазақстан Республикасында жол қозғалысы ережелерін сақтауды бақылау тек жол полициясы қызметкерлерінің құзыретіне жататындықтан, көлік құралдары жүргізушілерінің талаптарды бұлжытпай орындауын қамтамасыз етсін. Полицияның басқа қызметтерінің қызметкерлері жол қозғалысын бақылаудың арнайы жоспарларын қолданысқа енгізген кезінде ғана, сондай-ақ ішкі істер органы басшысының шешімі бойынша қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты міндеттерді жол полициясы қызметкерлерімен бірлесіп орындаған кезде жүзеге асырады.

3. «Ішкі істер органдарының жол полициясы жол-патрульдік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2002 жылғы 14 желтоқсандағы № 789 (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 14158 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры А.В.Кулиничке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетіне (Б.Б.Бисенқұлов) жүктелсін.

5. Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Б.Б.Бисенқұлов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

милиция генерал-майоры	Қ. Қасымов
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і	і с т е р
2 0 1 1	ж ы л ғ ы
№	4 5 5
б е к і т і л г е н	1
	б ұ й р ы ғ ы м е н
	қ ы р к ү й е к т е г і

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптарды нақтылайды. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол полициясы жол-патрульдік қызметінің (бұдан әрі - жол-патрульдік қызметі) бөліністерінің жұмысын ұйымдастыруын белгілейді.

2. Жол-патрульдік қызмет бөліністері жұмысының құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

3. Жол-патрульдік қызметтің жұмысында:

1) бақылау-өткізу пункті - бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде, табиғи апаттар, індеттер және басқа да төтенше жағдайлар пайда болғанда белгілі бір ауданда (жерде) өткізу режимін қамтамасыз ету немесе көлік пен жаяулардың қозғалысын шектеу үшін қойылатын полиция жасақшасы.

2) жол полициясының бекеті - жол полициясының қызметкерлері өздеріне

жүктелген міндеттерді орындайтын (аварияларды талдау, жоғары тұрған орнадар мен лауазымды адамдардың нұсқаулары мен өкімдері, жоспарлар, полицияның кешенді күштерінің бірліктерін орналастыру негізінде) командирлер белгілеген нақты орынқтырылған орын.

3) жол полициясының жасағы-патрульдеу бағыттары мен бекеттерде қызмет өткеру үшін тағайындалған жол полициясының қызметкері немесе бірнеше қызметкері.

4) жол полициясының стационарлық бекеті-арнаулы қызметтік үй-жаймен жабдықталған, жедел-техникалық және арнаулы құралдармен, инженерлік және өзге де құрылыс-жайларымен жасақталған, сондай-ақ жауаптылық аймағы бекітіліп берілген жол полициясының қызмет өткеретін орны.

5) патрульдеу бағыты-жол полициясының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын, көшенің немесе жолдың (аварияларды талдау, жоғары тұрған орнадар мен лауазымды адамдардың нұсқаулары мен өкімдері, жоспарлар, полицияның кешенді күштерінің бірліктерін шоғырландыру негізінде) командирлер белгілеген, басшылық бекіткен автомобиль жолдарының учаскесі.

6) патруль көлігі - ішкі істер органдарының балансында тұратын және бекеттік ведомосіне қосылған жол полициясының көлік құралдары (автомобиль, мотоцикл, автобус). Патруль автомобильдері түсті графикалық сызбамен және жарық жарқын мен дыбыс сигналдарымен жабдықталған, сонымен бірге аталған түсті графикалық сызбамен және жарық жарқын мен дыбыс сигналдарысыз.

2. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың ішкі істер департаменттері (бұдан әрі - Департаменттер) жол полициясы басқармалары лауазымды адамдарының міндеттері

4. Департаменттердің жол полициясы басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары:

1) жол-патрульдік қызметтің жұмысына жалпы басшылықты, бақылау жасауды жүзеге асырады, қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып, күштер мен құралдарды орналастырады;

2) жол-көлік оқиғалары бойынша есепке алу-тіркеу тәртібінің жағдайына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы 1650 Қаулысымен бекітілген Жол қозғалысы ережелерін (бұдан әрі - Жол қозғалысы ережелері) бұзушыларға әкімшілік шаралардың дұрыс қолданылуына, анықтау ісінің сапасына, айдап әкеткен және ұрланған автокөлікті, жол-көлік оқиғалары болған орыннан бой тасалаған жүргізушілерді іздестіру жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуына ұдайы бақылауды жүзеге асырады;

3) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау

және қылмыстың алдын алу жөніндегі жұмыста ішкі істер органдарының бөліністерімен, өзге мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен қызметтің өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз етеді;

4) қызметтік жұмысты есепке алу мен талдауды ұйымдастырады, оны жетілдіру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды, жұмыстың оң тәжірибесін жинақтауға және енгізуге ықпал етеді;

5) қызметтік жұмыс мәселелері бойынша келіп түскен азаматтардың шағымдары мен өтініштерінің уақтылы және сапалы қаралуын бақылайды, олар бойынша шаралар қабылдайды;

6) жол-патрульдік қызметтің жеке құрамының қызмет өткеруін бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

3. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезіндегі жұмысты жоспарлау, есепке алу және талдау

5. Жоспарлау қолда бар күштер мен құралдарды есепке ала отырып, жедел жағдайды, қызмет көрсететін аумақтағы апаттылықтың жай-күйін, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмысқа қарсы күрес жағдайларын, жол-патрульдік қызметтің бөліністерінде заңдылық пен тәртіптің сақталуын талдау мен болжау негізінде жүзеге асырылады.

6. Саптық бөліністердің жұмыс жоспарлары жол полициясының жол-патрульдік қызмет басқармаларының (бөлімдерінің) бөлім (бөлімше) бастықтарымен келісіледі және облыстық (қалалық) Департаменттердің жол полициясы басқармасының (бөлімінің) бастығы бекітеді. Жол полициясы басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтарымен келісіп, қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып, саптық бөліністердің командирлері жоспарларды түзете алады, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7. Жоспарлы кезең аяқталған соң жоспарланған іс-шаралардың орындалғаны туралы есеп (анықтама) жасалып, кейіннен жоспарды бекіткен басшыға баяндалады. Қандай да бір іс-шара орындалмаған жағдайда есепте жағдайдың себебі және қажет болса орындалуының жаңа мерзімі көрсетіледі. Жоспарлардың орындалу қорытындысы саптық бөліністің командирі жанындағы жедел кеңесте қаралады.

8. Жоспарлардың орындалуын бақылауды саптық бөліністердің командирлері (штаб бастықтары), сондай-ақ Департаменттердің жол полициясы басқармаларының тиісті бастықтары жүзеге асырады.

9. Жол-патрульдік қызметтің бөліністерінде қызмет алдында тұрған негізгі міндеттерді орындау үшін маңызы бар мәліметтерді есепке алу және талдау, тіркеу ұйымдастырылады. Есепке алу мен талдауға қызмет жүргізілетін

аумақтағы жол-көлік оқиғалары және олардың алдын алу жөнінде қабылданған шаралар, көлік құралдарын пайдаланумен байланысты қылмыстар, жол-патруль қызметінің жеке құрамының арасындағы тәртіптің жағдайы мен заңдылықтың сақталуы туралы деректер, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың жол-патрульдік қызметтің жұмысын жетілдіруге және жол қозғалысы саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстары жатады.

4. Күштер мен құралдарды орналастыру

10. Жол-патрульдік қызметтің жұмысы қолда бар күштер мен құралдарды және күрделі жол жағдайымен сипатталатын жергілікті жерлерде оларды шоғырландырудың принциптерін ескере отырып, ұйымдастырылады. Бұл ретте қызмет жүргізілетін аумақтағы апатты жағдайдың, қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі, автомобиль жолдарының ұзындығы мен олар арқылы қозғалыс жағдайларының ерекшелігі, тәуліктің әр түрлі сағаттарында, аптаның күндерінде, жылдың мезгілдерінде көлік пен жаяулар қозғалысының жиілігі ескеріледі.

11. Жол-патрульдік қызметі мен құралдарын орналастыру жасақтарды шығарудың тәулік сайынғы орташа нормасын есепке ала отырып Департаменттердің бекіткен патрульдеу бағыттарының және бекеттердің орналасуына (бұдан әрі - орналастыру, орнықтыру) осы нұсқаулықтың 1-қосымшасындағы формасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Орналастыру келесіні көрсетеді:
қаланың, ауданның сызбасын, автомобиль жолының учаскесін, қалалар мен елді мекендердің көшелерін, жедел жағдайдың бағалануын;
жол полициясы қызметкерлері мен көлік құралдарын шығарудың міндетті нормаларын;

патрульдеудің алдын ала белгіленген, оның ішінде жедел жағдай күрделенген кезде қосымша жабуға тиісті жасақтардың түрлерін;
олардың арасындағы өзара іс-қимыл мен байланыстың тәртібін және басқа да қажетті мәліметтерді (медицина мекемелерінің, ішкі істер органдарының, ұйымдастырылған көлік тұрақтарының және басқа да қызмет көрсету объектілерінің орналасқан жері мен телефондарын).

13. Орнықтыру оқиға болған орын, аптаның күні, тәуліктің сағаты бойынша жедел жағдайды және апатты ахуалды талдау негізінде жолдар бойында қозғалу жағдайларының, кәсіпорындардың, оқу орындарының, сауда орталықтарының, жұмыс көлік құралдары мен жаяулар қозғалысының эпизодтық ұлғаюына байланысты сервис объектілерін, жұмыс режиміндегі ерекшеліктерді ескере

о т ы р ы п ,

ә з і р л е н е д і .

14. Бекеттер мен патрульдеу бағыттары аптаның күндері немесе тәуліктің сағаттары ішінде міндетті түрде жабылуы тиісті және қалыптасқан жедел жағдайға байланысты жабылып қалатын бекеттерге, патрульдеу бағыттарына бөлінеді. Күштер мен құралдарды ауыстыру туралы шешімдерді саптық бөліністің командирі қабылдайды және осы нұсқаудың 2-қосымшасындағы формасына сәйкес бекеттік ведомосіне тіркеледі.

15. Әрбір бекет пен патрульдеу бағытына екі данадан, осы нұсқаудың 3-қосымшасындағы формасына сәйкес бекет (патрульдеу бағыты) карточкасы жасалып, олардың біреуі саптық бөліністің кезекші бөлімінде сақталады, екіншісі қызмет өтеу уақытында жол полициясының қызметкеріне беріледі. Бекет (бағыт) карточкасы қызметте пайдалану құжаты болып табылады және тек жол полициясы инспекторларының қызметіне бақылауды жүзеге асыруға құқылы ішкі істер органдарының лауазымды адамдарына көрсетуге жатады.

16. Саптық бөлініс жұмысының режимі күн тәртібімен және кестемен белгіленеді, онда әрбір жол полициясы қызметкерінің қызмет өткеретін күндері мен сағаттары (ауысымы) көрсетіледі. Күн тәртібі мен жұмыс кестесін саптық бөліністің командирі бекітеді.

5. Жол қозғалысын қадағалаудың нысандары мен әдістері

17. Жол-патрульдік қызметті атқарудың нысандары:

- 1) автомобильдермен және мотоциклмен патрульдеу;
- 2) ж а я у п а т р у л ь д е у ;
- 3) бекеттерде, оның ішінде стационарлық бекеттерде қызмет өткеру;
- 4) көлік құралдарына еріп жүру және эскорттау;
- 5) тікұшақпен патрульдеу болып табылады.

18. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жол полициясының инспекторлары түсті графикалық сызбамен және жарық жарқын мен дыбыс сигналдарымен жабдықталған, сонымен бірге аталған түсті графикалық сызбамен және жарық жарқын мен дыбыс сигналдарысыз көліктерімен (кейінгісі-тәуліктің жарық кезінде ғана) жүзеге асырады.

19. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қызметтің нысандарын жүзеге асыру туралы шешімді саптық бөліністің командирі жол полициясы басқармасы бастығының немесе оның орнындағы адамның келісімімен қабылдайды, бұл туралы бекеттік ведомосте тиісті жазба жасалады. Бекеттік ведомосін жол полициясы саптық бөлінісі взводының (бөлімшесі) әрбір командирі жүргізеді және взводтың (бөлімшенің) өкімінде сақталады. Күштер мен құралдардың қызметін ұйымдастыру және басқару үшін взводтардың (

бөліністер) бекеттік ведомстволарынан тәулік сайынға ақпаратты жол-патрульдік қызметтің қызметкері орналасыру жоспарында қорытып жинақтайды.

20. Қозғалысқа қадағалау жүргізудің барлық жағдайларында патруль автомобилі мен жол полициясының инспекторы жол қозғалысының қатысушыларына көрінетіндей болуы тиіс. Патруль автомобильдері бақылауды шектейтін қандай да бір тосқауылдың (ағаштың, ғимараттың, құрылыс қоршауының, жарнама тақтасының) тасасына қойылмайды, бұл талап жаяу жас ақтарға да қолданылады.

21. Жасақшалар арасындағы өзара іс-қимыл және олардың бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру радио байланыстың көмегімен жүзеге асырылады.

22. Патрульдік автомобиль тиесілік табелінің осы нұсқаулықтың 4-қосымшасындағы формасына сәйкес жабдықталады.

23. Жаяу патрульдеу жолдардың ұзындығы бойына ұзақ емес, қозғалыс қауырттығы жөнінен шиеленісті және апаттық тұрғыдан қауіпті учаскелерінде қозғалысқа бақылау жасау үшін қолданылады.

24. Жол полициясының стационарлық бекеттерінде қызмет өткеру кезінде (және патрульдеу бағыттарындағы) жол полициясының қызметкерлеріне жүктеледі:

1) жол қозғалысын қадағалау, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ өкімдік-реттеу қызметін жүзеге асыру;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында көлік құралдарын, жүктерді, тіркеу және жүргізу құжаттарын, көліктік-ілесіп жүру құжаттамаларын тексеру;

3) жүргізушілері жол-көлік оқиғалары орнынан қашып кеткен көлік құралдарын іздеуге;

4) анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаны атқарудан қашып жүрген адамдарды іздестіру және ұстау;

5) айдап әкетілген және ұрланған, сондай-ақ қылмысты мақсаттарда пайдаланылатын көлік құралдарын, іздеу жарияланған адамдарды, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш; заттарды, есірткілер мен құрамында есірткі бар бұйымдарды заңсыз тасымалдаушы жүргізушілер мен жолаушыларды, сондай-ақ өзге де қылмыстарды жасауда күдікті адамдарды анықтау;

6) жүргізушілерден орын алған фактілер немесе жолда болған шабуыл қатерлері туралы, сондай-ақ жолдардың жай-күйі, жолдағы жағдайлар, түнгі уақытта жолдың жүріс бөлігінде қалдырылған жол көліктері туралы сұрап білу;

7) бекеттің төңірегінде түнгі уақытта тоқтап қалған кезде көлік құралдарының жүргізушілеріне, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін табиғи апаттар мен ауа-райы бұзылған

жағдайларда жәрдем көрсету;

8) адамдарды, көлік құралдарын, тіркеу және жүргізу құжаттарын, көліктік-ілесіп жүру құжаттамаларын, оның ішінде айдап әкетілген және ұрланған көлікті, ұрланған арнайы өнімді, іздестірудегі адамдарды базалар бойынша тексеру, көлік құралдарын тінту;

9) жолдардың жай-күйі, ауа-райы жағдайлары көлік құралдары мен қалдырылған көлік құралдарының кептеліске түсуі және қалдырылған көлік құралдары туралы қажетті ақпарат жинау және оны кезекші бөлімге ұдайы беріп тұру жүктеледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2013 № 159 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Стационарлық бекеттер жасақшаларының құрамында қызмет атқару үшін қалалық, аудандық ішкі істер органдары басшыларының шешімі бойынша полицияның басқа бөліністерінің қызметкерлері тартылуы мүмкін.

26. Стационарлық бекеттер тиесілік табельдегі осы нұсқаулықтың 5-қосымшасындағы формасына сәйкес жабдыкталады.

27. Өтіп жатқан көліктерді тексеруге қолайлы болуы, бұл ретте жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бекетке іргелес аумақ жақсы жарықтандырылған болуы тиіс.

28. Жол-патрульдік қызметін атқарудың негізгі тәсілдері:
жол қозғалысына қатысушылардың көңіл-күйін бақылау;
оларды құқыққа қарсы әрекеттерден сақтандыру;
құқық бұзушылықтардың алдын алу;
өкімдік-реттеу іс-қимылдарын жүзеге асыру.

29. Қызметті өткерген кезде жол қозғалысына қатысушылардың көңіл-күйін бақылау жол қозғалысы ережелері талаптарын жол қозғалысына қатысушылардың сақтауын көзбен көріп немесе арнаулы техникалық құралдармен бақылау болып табылады.

30. Жол қозғалысына қатысушыларды сақтандыру бағыттың ең күрделенген учаскесінде, оқиға болған немесе табиғи апат болған орында жол полициясы қызметкерінің өзі болып, жүргізушілерге олардың жол қозғалысы ережелерін сақтамауы нәтижесінде болуы мүмкін салдар туралы ескерту жолымен олардың іс-әрекетіне әсер етуді білдіреді.

31. Құқық бұзудың жолын кесу жол полициясы қызметкерінің, оқиғалардың алдын алу және олардың салдарын болдырмау, тәртіп бұзушыларға қатысты заңнамамен белгіленген ықпал ету шараларының қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында жол қозғалысына қатысушылардың құқыққа қарсы әрекеттерін міндетті түрде реттеуді білдіреді, оның ішінде арнайы бақылау-өлшеу

құралдарымен және аспаптарымен тіркелген жылдамдық режимін бұзудың бар-жоғына көлік құралдарын тексеру, сондай-ақ жол қозғалысына қатысушылардың жол қозғалысы ережесін қайталап және жүйелі бұзуға жол беру мәніне тексеру жолымен алдын алу болып табылады.

32. Өкімдік-реттеу іс-қимылдарына қозғалыста уақытша кептелістер пайда болған жерлерде, бұқаралық және арнаулы іс-шаралар кезінде, бағдаршам белгілері бұзылған кезде, жолдардан жаяулардың өтуін қамтамасыз еткен кезде және жолдағы ахуалдың күрделенген басқа да жағдайларда жүзеге асырылатын, қозғалысты қолдың қимылымен реттеу жатады.

6. Арнайы техникалық құралдарды пайдалану

33. Көлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын анықтауға арналған өлшеу аспаптары, басқа да жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды тіркеу аппаратурасы, көлік құралдарын мәжбүрлі тоқтатуға арналған жабдықтар, жүргізушілердің куәліктеріндегі, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердегі жалған белгілерді анықтауға арналған аспаптар, басқа техникалық құралдар осы техникалық құралдарды пайдаланудың тәртібі туралы нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқауларға сәйкес қолданылады. Метрологиялық тексеруден өтпеген немесе тексеру туралы куәліктің мерзімі өтіп кеткен өлшеу құралдары қ о л д а н ы л м а й д ы .

34. Өлшеу құралдарын тиімді пайдалану мақсатында бөліністің басшысы оларды қолданудың апаттылық жағдайына және жүргізушілердің тәртібіне әсер ету нәтижелерін талдайды. Белгілі бір учаскелердегі апаттылық көрсеткіштерін, көлік ағысы жағдайларының қауырттығын ескере отырып, саптық бөліністің командирі өлшеу құралы берілген жеке құрамның күн сайынғы орналасуын айқындайды, бұл туралы бекет ведомосына тиісті жазба жазылады.

Арнайы техникалық құралдармен жұмыс істеуге пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып үйренген және оларды қолдану ережелері бойынша сынақ тапсырған инспекторлық құрам жіберіледі.

35. Әрбір өлшеу құралына осы нұсқаулықтың 6-қосымшасындағы формасына сәйкес журнал ашылады, ауысым аяқталған соң, оны жол қозғалысын бақылауда аспапты қолданған инспектор толтырады. Жол полициясының саптық бөлінісі техникалық бөлімнің бастығы не болмаса оның функцияларын атқаратын лауазымды адам техникалық құралдарды пайдалануға күнделікті бақылау жасайды, бұл туралы оларды қолдануды есепке алу журналына тиісті жазба ж а з а д ы .

36. Байланыс құралдары (радио, транктік, сымдық байланыс) жасақшаларды басқаруды және олардың арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

7. Жол-патрульдік қызметтің күштері мен құралдарын жедел басқаруды ұйымдастыру

37. Саптық бөліністердің күштері мен құралдарын жедел басқаруды саптық бөліністің командирі тиісті кезекші бөлімдер арқылы, ал олар болмаса - аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері арқылы жүзеге асырады.

38. Жол-патрульдік қызметі саптық бөліністердің кезекші бөлімдері Департаменттерінің кезекші бөлімдеріне жедел бағынысты болады.

39. Кезекші бөлімнің жұмысын саптық бөліністің штаб бастығы, штат бойынша мұндай лауазым болмаса-командирдің орынбасары ұйымдастырады. Қызмет атқару кестесін бекіту, тәртіптік жасақтың адамдарын ауыстыру тәртібін белгілеу, қажет болғанда оларды қызметтен босату құқығы саптық бөліністің командиріне (немесе оның орнындағы адамға) ғана берілген.

40. Саптық бөліністің кезекші бөліміне мынадай міндеттер жүктеледі:

1) қызмет жүргізілетін аумақта қоғамдық тәртіпті, жол қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ақпаратты жинау, ө н д е у ж ә н е б а ғ а л а у ;

2) үздіксіз және қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету, қозғалысты реттеу, қозғалыстағы кептелісті жою, жолдарды жабуға байланысты жұмыстардың шарттарын орындалуын бақылау үшін бөліністің күштері мен құралдарын жедел б а с қ а р у ;

3) жол-көлік оқиғалары, қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтар туралы хабарлар мен өтініштерді қабылдау, тіркеу және тапсыру;

4) қылмыстарды ашуды ұйымдастыру;

5) кезек күттірмейтін шұғыл іс-әрекеттерді ресімдеу және жүргізу үшін жол-көлік оқиғаларының орнында болу жөнінде ұйымдастырушылық і с - ш а р а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

6) айдап әкетілген, ұрланған автокөлік құралдарын және жүргізушісі жол-көлік оқиғалары болған орыннан қашып кеткен автокөлік құралдарын іздестіруді және ұстауды ұйымдастыру, осындай құқық бұзушылық әрекеттері туралы хабарларды белгіленген тәртіппен тіркеу;

7) ішкі істер органдарының жедел жоспарларын енгізу, төтенше жағдайлар, саптық бөліністердің жасақшаларының ішкі істер органдарының басқа бөліністерінің жасақшаларымен өзара іс-қимылы кезінде күштер мен құралдарды б а с қ а р у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

8) мүлікті, қару-жарақты, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды инспекторлық құрамға беру және қабылдау, кезекші бөлімнің арнайы бөлінген үй-жайында тұрған кезде олардың сақталуын қамтамасыз ету;

9) саптық бөліністің ғимаратындағы өрт қауіпсіздігі мен санитарлық ережелерді сақтауды бақылау, өткізу режимін, ішкі тәртіпті орындауды қамтамасыз ету;

10) ақпараттық-анықтамалық жұмысты жүзеге асыру;

11) алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2013 № 159 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

12) бөліністің қызметкерлерін хабарландыруды және жинауды ұйымдастыру;

13) қауіпті, ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді тасымалдау кезінде жол полициясы ілесіп жүретін көлік құралдарының қозғалысын бақылауды ұйымдастыру;

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2013 № 159 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында, кезекші бөлім оқиға болған жерге бару үшін - автомобильдермен, арнаулы техникалық құралдармен, ұйымдастыру техникасымен, құжаттамамен; тәуліктік жасақты орналастыру, қаруды, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды сақтау және беру үшін қызметтік үй-жайлармен осы нұсқаулықтың 8-қосымшасындағы формасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

42. Саптық бөліністің аға кезекші-инспекторы (кезекші-инспекторы) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындаушы кезекші бөлімнің қызмет етеуші тәуліктік жасағына және саптық бөліністің жасақшасында тұрған қызметкерлерге аға жедел бастық болып табылады.

43. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) қызметтік міндеттерді орындаған кезде:

1) инспекторлық құрамның қызмет өтеуін, сондай-ақ олардың көлікті, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды пайдалануын тексереді;

2) жол полициясы қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау мүмкін болмаған жағдайда, саптық бөліністің басшылығына кейіннен баяндай отырып, оларды қызмет өтеуден босатады;

3) берілген өкімдердің уақытында және толық орындалуын бақылауға;

4) жедел жағдай шиеленіскен жағдайда күштермен және құралдармен шұғыл көмек алу, сондай-ақ қажетті ақпарат алу мақсатында жоғары тұрған кезекшіге және көрші саптық бөліністің кезекшісіне хабарлайды;

5) саптық бөліністің қоғамдық тәртіпті сақтауда көзге түскен қызметкерлерін

көтермелеу туралы, ал қызметке немқұрайды қарау фактілері бойынша оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыным жасайды;

6) қабылданған шешім туралы саптық бөліністің командиріне кейіннен баяндай отырып, саптық бөліністің командирі мен оның орнында адам болмаған кезде, жол полициясының кез-келген қызметкерін өрескел тәртіптік қылығы үшін қызмет өткеруден шеттейді;

7) азаматтардан және лауазымды адамдардан белгіленген тәртіпті сақтауды талап етуге, тәртіп бұзушылықтардың алдын алу үшін шаралар қабылдауға, әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды;

8) қылмыс жасауда күдікті адамдарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес ұстауға, кейін бұл адамдарды аумақтық ішкі істер органдарына тапсырады;

9) жол полициясының инспекторына берілген барлық құқықтарды п а й д а л а н у ғ а к ұ қ ы л ы .

44. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) қызметке кірісетін жол-патруль қызметінің инспекторларын дайындаған кезде:

1) взвод командирлерінен инспекторлық құрамға қызметке келгендер туралы есептер қабылдауға және бекеттік ведомості толтырады;

2) көлік құралдарын пайдалану есебі осы нұсқаулықтың 9-қосымшасындағы формасына сәйкес журналында белгілей отырып, патрульдік автомобильдердің шығуы мен қайтып келуін бақылауды жүзеге асырады;

3) жедел-техникалық және арнайы құралдарды, олардың ақаусыздығын, паспорттарының болуын алдын ала тексеріп, метрологиялық байқау мерзімдерін көрсете отырып, жол-патрульдік қызметтің инспекторларына беруге, бұл туралы қару-жарақты, жедел-техникалық және арнайы құралдарды беру және қабылдап алу осы нұсқаулықтың 10-қосымшасындағы формасына сәйкес журналына тиісті жазба жасайды, сондай-ақ табельдік қару мен құжаттарды тапсырады;

4) қызметке түсетін жасақшаға нұсқама өткізуді және жедел жағдайдың жай-күйімен таныстыруды ұйымдастырады;

5) жұмысқа келмеген қызметкерлер туралы саптық бөліністің командиріне баяндауға, келмеудің себептерін анықтау үшін шаралар қабылдайды;

6) ішкі істер органдарының жедел жоспарлары енгізілген кезде жол-патруль қызметінің жұмысын білуге және ұйымдастыра білуге міндетті.

45. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) жасақтар қызметін а я қ т а ғ а н ы н а н к е й і н :

1) жол-патрульдік қызметкерлерінен қару мен арнайы құралдарды қабылдауға, олардың жиынтығын және ақаусыздығын тексеруге, ол туралы журналдарда тиісті жазба жасайды;

2) жол полициясы инспекторының белгісіз себептер бойынша патрульдеу

бағытынан (бекеттен) келмеген жағдайлары, жедел-техникалық және арнайы құралдардың орын алған ақаулары мен бұзылулары туралы аптық бөліністің командиріне немесе оның орнындағы адамға баяндауға, одан әрі оның нұсқауы бойынша әрекет етеді;

3) саптық бөліністің командиріне баяндау үшін қызмет өткерудің нәтижелерін қорытындылауға, бекеттік ведомоске жазбалар жасауға және кезекшілікті қабылдау-тапсыру туралы командирге (оның орнындағы адамға) баяндауға міндетті.

46. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) қызмет жүргізілетін аумақта ақпарат жинау және жағдайды бағалау кезінде:

1) келесі мәліметтерді талдауға және бағалауға алады: болған жол-көлік оқиғалары мен қылмыстарды; жол-көлік оқиғалары болған орыннан жүргізушісі бой тасалаған көлік құралдар туралы;

айдап әкетілген және ұрланған көлік құралдары; іздеу жарияланған қылмыскерлер мен ашылмаған қылмыстар; өткізуге белгіленген және жүргізіліп жатқан бұқаралық, спорттық және басқа да іс-шаралар;

олар өткізілетін жерлерде жол қозғалысының тиісті режимін қолдау жөніндегі жол-патруль қызметі инспекторлық құрамының қатысу дәрежесі; ауа-райы жағдайларының өзгеруі; автомобиль жолдарының жай-күйі;

жол қозғалысына, жедел жағдайға, күштер мен құралдарды орналастыруға ықпал етуі мүмкін жол қозғалысын реттеудің жолдағы құрылыстық-жайлары мен техникалық құралдары туралы мәліметтерін зерделеу туралы.

2) алынған ақпаратты жүйелеуге, қорытындылауға және саптық бөліністің командиріне, жол полициясы басқармасының бастығына немесе олардың орнындағы адамдарға, сондай-ақ жоғары тұрған кезекшіге және Жол полициясы комитетіне (бұдан әрі - Комитет) баяндауға міндетті.

47. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) жол-патрульдік қызметтің күштері мен құралдарын басқару кезінде:

1) жасақшаларды үздіксіз басқаруды, олардың өзара және ішкі істер органдарының басқа да бөліністерімен нақты іс-қимылын қамтамасыз етеді;

2) жасақшалардың қызмет өткеруін бақылауға, белгіленген уақытта байланысқа шықпаған жағдайларда олардың тұрған жерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды;

3) жедел жағдайдың өзгеруі және осыған байланысты қызмет өткеру тәртібіндегі өзгерістер туралы бөліністің инспекторлық құрамын хабардар етуге міндетті.

48. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) қылмыстар, жол-көлік оқиғалары, қоғамдық тәртіптің бұзылуы және басқа да төтенше оқиғалар туралы хабарлар мен арыздар алған кезде:

1) оқиғаның уақытын, орнын, мән-жайын, құқық бұзушылардың белгілерін, өтініш беруші туралы мәліметтерді (тегін, аты-жөнін, мекенжайын, телефонын), оқиғаға қатысты көлік құралдары туралы деректерді (маркасы, мемлекеттік тіркеу белгісі, тиесілігі), зардап шеккендердің санын анықтауға; егер жүргізуші жол-көлік оқиғасының орнынан қашып кетсе, көлік құралының түсін, ерекше белгілерін, ықтимал ақауларының сипатын, оның қозғалу бағытын, жүргізушінің белгілерін анықтауға, автокөлік кәсіпорындары және ұйымдарының диспетчерлік қызметтеріне, медициналық жедел көмек қызметіне қосымша бағдар береді;

2) қылмыс туралы хабарларды қабылдауға, тіркеуге және алынған ақпаратты аумақ бойынша ішкі істер органына уақтылы тапсыруға, жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді жол-көлік оқиғаларын осы нұсқаулықтың 11-қосымшасындағы формасына сәйкес есепке алу журналында тіркейді;

3) ауыр салдары бар қылмыстар, жол-көлік оқиғалары туралы саптық бөліністің командиріне және жоғары тұрған кезекшіге баяндауға және олардың нұсқауларына сәйкес әрекет етуге, қылмыскерлерді ізін суытпай іздестіру ұйымдастырылған жағдайда қажетті ақпаратты дереу жол полициясы жасақшаларына бағдар беру үшін патрульдеу бағыттарына, бекеттерге береді;

4) адамдардың өлімі, жарақаттануы болған немесе елеулі материалдық зиян келтірілген жол-көлік оқиғасы туралы аумақ бойынша ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне хабарлауға, қажет болған жағдайда жедел медициналық жәрдемді, өрт қызметі мен басқа да жедел және атқару қызметтерін шақыруға; ал оқиғаға қатысушылар болған жағдайларды бағалауда өзара келісіп саптық бөлініске келген жағдайда оқиға жөніндегі материалдарды Қазақстан Республикасы ІІМ-нің «Көлік оқиғасының сызбасын жасау ережесін және олардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» 2011 жылғы 15 ақпандағы № 52 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 57540 болып тіркелген) (бұдан әрі - ІІМ-нің № 52 бұйрығы) бұйрығына сәйкес ресімдеуді ұйымдастырады;

5) қажет болған кезде оқиға болған жерде қалыптасқан ахуал, топтасқан бұзақылық көріністердің немесе басқа да төтенше жағдайлардың туындаған катері туралы аумақтық ішкі істер органының кезекшісіне, саптық бөліністің командиріне баяндауға және одан әрі олардың нұсқаулары бойынша әрекет етуге; оқиға болған орында кептеліс пайда болған кезде бұл жерден айналып өтуді ұйымдастырады;

б) көлік құралдарын (оларды иесіне тапсыру мүмкін болмаған кезде) оқиға болған орындағы арнаулы тұрақтарға жеткізуді ұйымдастырады;

7) шетел азаматтары қатысқан жол-көлік оқиғалары туралы жоғары тұрған кезекшіге, саптық бөліністің командиріне баяндайды;

8) жол қозғалысы жағдайларының күрделеніп кеткені (жардың құлауы, көшкін түсуі, жолдың бүлінуі, күрткі қар, көктайғақ, реттеу құралдарының істен шығуы) туралы саптық бөліністің командирі мен жасақшаларына, мүдделі жол және коммуналдық қызмет басшыларына хабарлауға, сондай-ақ қауіпсіз және үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдауға, бұдан соң тиісті жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

49. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) көлік құралдарына ілесіп жүрген кезде:

1) ілесіп жүретін көлік құралдарының жүру бағыты бойынша жол полициясының жасақшаларын хабардар етіп отырады;

2) ілесіп жүретін көлік құралдарының бөгетсіз өтуін қамтамасыз ету жөнінде бөлініс, қалалық және аудандық ішкі істер органдары жасақшаларының өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

3) ілесіп жүру автомобильдерінің жүргізушілеріне қозғалыс бағыттарындағы жағдай туралы хабарлап отырады;

4) көлік құралдарының ілесіп жүруінің басталуы және аяқталуы туралы осы нұсқаулықтың 12-қосымшасындағы формасына сәйкес ілесіп жүруді есепке алу журналында тиісті жазба жүргізеді.

50. Аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) қауіпті жүктерді тасымалдаудың және балалардың ұйымдасқан тобын тасымалдауды ұйымдастыруды бақылау кезінде:

1) қауіпті жүктерді таситын көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданады;

2) Көлік құралы комитеті бөліністері қызметкерлерінің байланыс телефондарын білу және оларға қауіпті жүктер мен аса ірі мөлшердегі жүктерді тасымалдау кезіндегі анықталған құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты дереу хабарлайды;

3) балаларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде бағытты, көлік құралдарының санын, тасымалданатын балалардың санын, сондай-ақ ілесіп жүретін және тасымалдауды ұйымдастырушылардың байланыс телефондарын білуге;

4) балалардың тобын тасымалдайтын көлік құралдарының үзіліссіз қозғалысын ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдауға, бұл ретте мұндай тасымалдауларды түнгі уақытта сағат 22.00-ден бастап таңғы сағат 06.00 - де жүзеге асырылуын болдырмауға міндетті.

51. Анықтамалық жұмысты қамтамасыз ету жөніндегі аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор):

1) жол полициясы, басқа да ішкі істер органдарының бөліністері іс-әрекетінің мәселелері жөнінде азаматтар немесе лауазымды адамдар кезекші бөлімге өтініш жасаған кезде (құпия немесе қызметтік сипаты бар мәліметтерді хабарлаусыз) ж а н - ж а қ т ы т ү с і н і к б е р у г е ;

2) азаматтардың ауызша және жазбаша шағымдарын қабылдауға, қажет болса жағдайды нақтылауға, оларды арнайы журналда тіркеуге, өтініш иесін бұдан арғы әрекеттердің тәртібі туралы хабардар етуге, келіп түскен шағымдар туралы бөлініс бойынша жауапты адамға және жол полициясы басқармасының басшылығына у а қ т ы л ы х а б а р л а й д ы .

52. Мүліктің, қару-жарақтың, жедел-техникалық, арнайы және көліктік құралдардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі аға кезекші-инспектор к е з е к ш і - и н с п е к т о р) :

1) қарудың, оқ-дәрілердің, жедел-техникалық және арнаулы құралдардың Қазақстан Республикасы Ішкісімінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жабдықталған жанбайтын шкафтарда (жәшіктерде) сақталуын, берілуін және е с е п к е а л ы н у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) қару мен арнаулы құралдарды қабылдаған кезде олардың жай-күйін, жинақтылығын, ақаусыздығын, тазалығын, майлануын тексереді, бұйымдардың бүлінгені немесе жетіспейтіндігі байқалған жағдайда жол полициясы қызметкерлерінен жазбаша түсінік беруді талап етуге және жоғалған бұйымдарды іздестіруге қажетті шаралар қолдануға, олардың жоғалған фактілері және бүліну салдарынан бұдан әрі пайдалануға жарамайтындығы туралы саптық бөліністің командиріне жазбаша баянатпен баяндайды және журналда жазба ж а с а й д ы ;

3) қару бөлмесінің, қару салынған шкафтардың, жедел-техникалық және арнайы құралдар қойылған бөлмелердің кілттерін кезекшіні ауыстыратын адамға беруге міндетті. Шкафтар мен бөлмелерді мөрлеген кезекшінің жеке мөрінің нөмірін көрсете отырып, кілттерді тапсыру кезекшінің жазбаларына арналған журналда ресімделеді. Кезекші жоқ кезде мөртаңбалары бұзылған кезде сақтаулы қаруды, оқ-дәрілерді, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды тексеру мен тапсыруды бөліністің командирі тағайындаған комиссия жүзеге асырады.

53. Жол-патрульдік қызмет бөліністердің кезекші бөлімдері бірыңғай абонементтік телефон нөмірімен, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесі деректерінің қашықтан ену базасына рұқсаты бар компьютерлік техникамен, өртке қарсы, күзет сигнализациясымен, әкімшілік ғимараттың кіреберістері мен өлшемдері бойынша бейнебақылау жүйелерімен жабдықталады.

8. Жол-патрульдік қызметті ұйымдастыру

54. Жол-патрульдік қызметті өткеру үшін жасаққа тағайындалатын қызметкерлерді дайындау, нұсқау жүргізу және жинап-тарату осы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Жасақшаларға нұсқау беру, әдетте, арнайы жабдықталған сыныпта немесе арнайы жабдықталған алаңда сапқа тұрғызу кезінде жүргізіледі.

55. Жол-патрульдік қызметті атқару үшін жасақшаға тағайындалған адамдар нұсқама басталғанға дейін кемінде 15 минут бұрын бөлініске немесе ішкі істер органына келеді және өздерінің келгендері туралы кезекші мен өздерінің тікелей командиріне баяндайды.

56. Қызметке кіріскен жасақшаға нұсқау беруді аға кезекші-инспектордың қатысуымен саптық бөліністің командирі немесе оның орынбасары жүргізеді, ол туралы бекеттік ведомосте жазба жасалады.

57. Лауазымды адамдар нұсқаманы жүргізген кезде:

1) жол полициясы инспекторлық құрамының қызметті өткеруге дайын екендігіне көз жеткізуі және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауы;

2) жол полициясы инспекторлық құрамының өз құқықтары мен міндеттерін, қаруды, арнаулы құралдарды, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын білуін ішінара тексеруі;

3) қызмет жүргізілетін аумақтағы апаттық және жедел жағдайдың жай-күйі, жоғарыда тұрған органдар көрсеткен бағдарлар туралы жол полициясы қызметкерлеріне хабарлауы;

4) бекеттер мен патрульдеу бағыттарын жариялауы;

5) өткен тәуліктегі жұмыстың нәтижелерін, сондай-ақ заңдылық пен қызмет өткеру тәртібінің бұзылған жағдайларын жол полициясы инспекторлық құрамының назарына жеткізуі;

6) жасақшалардың жетекшілерін тағайындауы тиіс;

7) азаматтармен мұқият, икемді және әдепті қатынас жасау, олардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, қозғалысты қадағалау кезінде қажетті көмек көрсету туралы жеке құрамға жеткізу тиіс.

58. Жасақшаға кірісетін жол полициясы қызметкерінің сыртқы киімі жинақы, ақаусыз қару-жарағы, маусым бойынша нысанды киімі, жарық шағылыстыратын экипировкасы, сондай-ақ омырау белгілері, табельдік қаруы, таяқшасы мен басқа да арнаулы құралдары, бекет пен патрульдеу бағытының карточкасы, қызметтік және жүргізуші куәлігі, осы нұсқаулықтың 13-қосымшасындағы формасына сәйкес қызмет кітапшасы өзінде болады.

59. Нұсқама саптық бөліністің жасақшаларын жинап-таратумен және олардың қызметіне кірісуі туралы бұйрық берумен аяқталады.

60. Қала сыртындағы жолдар мен стационарлық бекеттерде және тәуліктің

қараңғы уақытында қызмет атқару үшін жасақшаларды жол полициясы қызметкерлерін екіден кем құрамда қоюға тыйым салынады.

61. Саптық бөліністен неғұрлым алыста орналасқан бекеттерде қызмет атқаратын жол полициясының қызметкерлері оның басшыларының рұқсатымен нұсқамада аптаның белгілі бір күндерінде болады.

62. Жол полициясының инспекторлары қызметке кіріскені туралы кезекшіге баяндайды және одан қажетті ақпарат пен нұсқаулар алады. Қалаларда және басқа елді мекендерде қызмет өткеру кезінде жол полициясының қызметкерлері кезекшіге жедел жағдай жасау туралы сағатына бір рет, қала сыртындағы жолдарда кемінде екі сағатта бір рет хабарлап тұрады. Жол полициясы инспекторы байланысқа шыққан туралы қызметтік кітапшада немесе автопатрульдің борттық журналында, ал кезекші тиісті журналға тіркейді.

9. Жол-патруль қызметін атқару тәртібі

63. Бекетке (патрульдеу бағытына) келген соң жол-патрульдік қызметтің қызметкері :

1) техникалық реттеу құралдарының, арнайы құралдардың, байланыс құралдарының ақаусыздығын, жолдар мен көшелердің жай-күйін, олардағы жөндеу-құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізу жағдайларын тексеруге немесе өзі ауыстыратын қызметкерден тиісті ақпарат алады;

2) саптық бөліністің кезекші бөліміне бекеттің және патрульдеу бағытының қабылданғаны және анықталған кемшіліктері туралы баяндауға, ал бекеттің алыстығы және ақпаратты берудің мүмкін болмауы жағдайында журналда тиісті ж а з б а ж а с а й д ы ;

3) қызметті атқару кезінде жол полициясының қызметкері қозғалыстағы бөгеттерді жоюға, жолдың жүріс бөлігін түнде қалдырылған көлік құралдарынан босатуға, бекеттегі немесе патрульдеу бағытындағы қауіпті учаскелерді белгілеуге шаралар қолдануы тиіс немесе мүмкін болмаған кезде шараларды қолдану қажеттілігі туралы ішкі Істер органдарының таяудағы кезекші бөліміне, тиісті жолдық, коммуналдық органдарға хабарлайды. Жол қозғалысы қатысушыларына қатысты қылмыстық іс-әрекеттер жайлы жүргізушілерден сұрастыру нәтижесінде алынған деректер туралы жол полициясы инспекторы ауысым аяқталған соң жеке баянатпен басшылыққа мәлімдеуге және қажет болған жағдайда ішкі істер органдарының жедел бөліністеріне белгілеген тәртіппен а қ п а р а т ж і б е р е д і .

64. Патрульдеу бағытында (бекетінде) қызмет атқару кезінде жол полициясының инспекторы қозғалыс процесіне ықпал етеді, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері болып табылатын Жол қозғалысы ережелерін

өрескел бұзушылықтардың алдын алады және жолын кеседі, көлік құралдарын себепсіз тоқтату мен ұстау алынып тасталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы оны тікелей анықтаған уәкілетті адам мыналардың болуынан басқа жағдайларда толтырылады:

- құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан келіп түскен материалдар;
- жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;
- сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдар мен аспаптар көрсеткіштері.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2013 № 159 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

65. Құрамында екі немесе одан көп жол полициясы қызметкері бар жасақша қызмет атқарған кезде жасақшаға жетекші тағайындалады.

66. Жасақша басшысы қызметті атқару кезінде жасақшаның іс-қимылына б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы ж ә н е :

1) жасақшада тұрған жол полициясы қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыруға, қалыптасқан жағдайға қарай оларды орналастыруға және олардың қызмет өтеу тәртібіне қажетті өзгерістер енгізу туралы командирге, бөлініс бойынша кезекшіге баяндайды;

2) жол полициясы қызметкерлерінің қызметті атқаруына бақылау жасауға және оларға міндеттерін орындау кезінде практикалық көмек көрсетеді;

3) қызмет құжаттамаларын жүргізудің дұрыстығын, жол көлік оқиғалары мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі материалдарды ресімдеудің сапасын тексеруге, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

4) жедел-техникалық және арнаулы құралдардың дұрыс пайдаланылуын б а қ ы л а у ғ а а л а д ы ;

5) тиісті байланыс құралдары болған кезде өзінің тұрған орны мен қызмет өткеру учаскесіндегі жағдай туралы кемінде сағатына бір рет командирге б а я н д а п т ұ р а д ы .

67. Патрульдік автомобильде (мотоциклде) қозғалысты бағалаған кезде жүргізуші Жол қозғалысы ережелерін бұзған көлік құралдарын тоқтату үшін жарықпен және дыбыспен берілетін арнаулы белгілер, дыбыс күшейткіш қондырғы, қолмен немесе таяқпен жасалатын белгілер пайдаланылады.

68. Көлік құралдарын тоқтату барынша қысқа мерзімде және қозғалысқа бөгет болмайтын жерде жүзеге асырылады. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайлардан басқа, жүру бағыттарында қалалық қоғамдық көлікті (автобустарды, бағыттық таксилерді, троллейбустарды

трамвайларды) тоқтатуға болады.

69. Бағытта жол қозғалысына бақылауды рұқсатсыз жүзеге асырушы полиция қызметкерлерінің патрулі байқалған кезде, жол полициясының қызметкерлері бұл туралы кезекшіге баяндайды және соның нұсқауына сәйкес әрекет жасайды. Кезекші бөлімге хабарлаудың мүмкіндігі болмаған жағдайда, қызметкерлердің жеке басы, бөлінісі анықталады және қызмет аяқталған соң жеке баянатпен баяндалады.

70. Жол полициясының патрульдік автомобильдері ерген, сондай-ақ арнайы жарықпен және дыбыспен белгі беріп келе жатқан колонналар немесе жеке автомобильдер өткен кезде жол полициясының инспекторы бекет немесе патрульдеу бағыты бойынша олардың қауіпсіз, бөгетсіз өтіп кетуіне шаралар қабылдайды.

71. Жол полициясының қызметкері ішінде қылмыс жасауда күдікті адам болған не болмаса жүргізушісі жол-көлік оқиғасының орнынан қашып кеткен немесе өзінің әрекеттерімен қозғалыстың басқа қатысушыларына қауіп төндіретін не болмаса полиция қызметкерлерінің тоқтату талабын орындамаған көлік құралдарына қудалау жасайды. Егер аталған адамдар қарулы болса, бұл туралы саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекші бөліміне хабарлайды, бұдан әрі кезекшінің нұсқауы бойынша немесе қалыптасқан жағдайға қарай әрекет етеді.

72. Жеке басының немесе қозғалысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол полициясының қызметкері қудалау кезінде:

1) патруль көлігіндегі арнаулы дыбыс және жарық белгілерін ұдайы қосылған күйінде ұстауға;

2) нақты жағдайларға қарай қозғалыстың жылдамдығын таңдап алуға;

3) қудаланушылар мен жол қозғалысының басқа да қатысушыларының әрекеттеріне мұқият болуға;

4) саптық бөліністің және ішкі істер органының кезекшісіне өзінің жүрген жері мен қозғалысының бағыты туралы баяндап отыруға;

5) жол қозғалысының басқа қатысушыларына мұқияттық пен сақтық шараларын сақтау туралы хабарлап отыруға міндетті.

73. Ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасудың ережелері бұзылғаны анықталған кезде жол полициясының қызметкері саптық бөліністің басшылығынан немесе кезекшіден тиісті нұсқау алғанға дейін аталған көлік құралдарын жол үстінен шығаруға немесе шешім қабылдағанға дейін оларды жол полициясының таяудағы бекетіне, тұрағына дейін алып бару жөнінде мүмкіндігінше шаралар қабылдап, аталған көлік құралдарының бұдан әрі қозғалуына тыйым салады. Қауіпті жүкті тасымалдаушы автомобильдерді мүмкіндігінше жолдан тысқары қою қажет.

74. Патрульдеу бағытында немесе бекетте қызметті атқару кезінде жол полициясының қызметкері автомобиль жолының жабдықталуына және жай-күйіне, техникалық реттеу құралдарының (бағдаршамдардың, жол белгілерінің және т.б.) ақаусыздығына, сондай-ақ жол үстіндегі жұмыстардың жүргізілуіне бақылау жасайды. Бағдаршамдар объектілерінің жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында көлік құралдары ағымына сырттай бақылау ж а с а й д ы .

75. Кемшіліктер анықталған кезде жол полициясының инспекторы бұл туралы бөлініс бойынша кезекшіге хабарлайды, ол бұларды осы нұсқаулықтың 14-қосымшасындағы формасына сәйкес көшелер мен жолдардың жай-күйіндегі кемшіліктердің, техникалық реттеу құралдары ақауларының есебі журналына жазып қояды. Ақаулар мен қозғалыс бөгеті жойылғанға дейін қажеттігіне қарай реттеу жүргізеді, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды .

76. Жол полициясының қызметкері:

1) көршілес учаскелерде қозғалыстағы кедергілер мен қауіптерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдануы;

2) ұсталған азаматтарды кезекші бөлімге және көлік құралдарын сақтау орнына жеткізу қажеттігі;

3) қызметтік міндеттерді орындауға байланысты кезек күттірмейтін іс-шараларды орындауға полицияның басқа жасақшалары, басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлері жәрдем көрсетуі;

4) адамдардың және көлік құралдарының осы нұсқаулықтың 71-тармағына с ә й к е с қ у д а л а н у ы ;

5) жол-көлік оқиғаларында, қайғылы оқиға және басқа да жағдайда зардап шеккендерге жәрдем көрсетілуі;

6) оқиға болған орынды қорғау қажеттігі;

7) өртті және табиғи апаттардың салдарын жоюға шаралар қолданылуы;

8) кенеттен ауырып қалу;

9) белгіленген уақытта тамақтану жағдайларында саптық бөлініс командирінің, оның орынбасарларының және бөлім кезекшісінің шешімімен немесе нұсқауымен ғана патрульдеу бағытынан немесе бекеттен кете алады.

77. Патруль көлігінде қызмет атқару кезінде:

1) бөтен азаматтар мен жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ патруль көлігін қ а р а у с ы з қ а л д ы р у ғ а ;

2) белгілі бір қызметтік міндеттерді орындау қажеттігіне байланысты жағдайлардан басқа, қозғалыстың белгіленген жылдамдығын арттыруға, егер бұл қызметтік қажеттілікті тудырмаса, белгіленген бағыттан өз бетімен бұрылып кетуге және қызметті өткерудің тәртібін өзгертуге;

- 3) басқа адамдарға патрульдік көлікті жүргізуге беруге;
- 4) ұсталған адамдарды патрульдік көлікте қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

10. Жол полициясы қызметкерлерінің жол-көлік оқиғалары кезіндегі әрекеттері

78. Жол полициясының қызметкеріне белгілі болған барлық оқиғалар туралы, оның өз бекетінен немесе патрульдеу бағыттарынан тысқары жасалған жағдайларды қоса, ол саптық бөліністің (ішкі Істер органының) кезекші бөліміне баяндайды және бұдан әрі берілген нұсқауларға сәйкес әрекет етеді.

79. Оқиға туралы хабарды тікелей алған кезде жол полициясының қызметкері мәлімет берушіні мұқият тыңдауға және:

- 1) оқиға туралы хабарлаған адамның тегін, аты-жөнін, мекенжайы мен телефон нөмірін, басқа да куәгерлер мен куәлардың деректерін;
- 2) оқиғаның орнын, болған уақытын, түрі мен жағдайларын;
- 3) зардап шеккендер туралы мәліметті;
- 4) зардап шеккендерге медициналық жәрдем көрсетілуі туралы мәліметті;
- 5) зардап шеккендерді қандай емдеу мекемесіне және кімнің жібергенін;
- 6) зардап шеккендерді алып кеткен көлік құралдарының түрін, маркасын, түсін және мемлекеттік тіркеу белгісін;
- 7) аталған оқиғаға қатысы бар көлік құралдары туралы мәліметті жазып алуға м і н д е т т і .

80. Адамдар зардап шеккен оқиға болған жерге келген соң, жол полициясының қызметкері жедел-тергеу тобы келгенге дейін:

- 1) зардап шеккендердің санын анықтайды, олардың жағдайының ауырлық дәрежесін салыстырмалы түрде бағалайды, жедел жәрдемді шақырады, ол келгенге дейін немесе шақыру мүмкін болмаған жағдайда алғашқы дәрігерге дейінгі жәрдем көрсетеді және қажет болған кезде, медициналық мекемеге жеткізуді ұйымдастырады, зардап шеккендердің тегін, аты-жөнін, тұрғылықты жерін (жұмыс орнын) анықтайды;
- 2) оқиғаға қатысқан жүргізушілерді, көлік құралдарын және оған қатысы бар басқа да адамдарды анықтайды, оқиғаға қатысушылардан жүргізушінің құжаттарын белгіленген тәртіппен қайтарып алады;
- 3) жедел-тергеу тобы келгенге дейін аталған адамдардың оқиға болған жерде болуын қамтамасыз етеді;
- 4) оқиғаның куәгерлерін анықтайды және олардың деректерін жазып алады;
- 5) оқиғаларға қатысы бар заттай айғақтардың, іздердің, мүлік пен басқа да заттардың сақталуына және белгіленуіне шаралар қабылдайды;

6) оқиғаға қатысты адамдар мен куәгерлер оқиғалардың орнына келген жедел-тергеу тобының басшысына (анықтауды жүзеге асыратын прокурорға, тергеушіге, қызметшіге) мәліметтерді баяндайды, заттай айғақтарды тапсырады және бұдан әрі солардың нұсқауы бойынша әрекет етеді;

7) қажетті жағдайларда көліктің айналып өтуін ұйымдастырады, ал мұны істеу мүмкін болмаса - екі куә мен оқиғаға қатысушының көз алдында көлік құралдарының тұрған орнын, оқиғаның іздерін және оған қатысы бар басқа да заттарды белгілейді, содан кейін қозғалысты қалпына келтіру үшін шаралар қ а б ы л д а й д ы ;

8) егер көлік құралындағы жүргізуші оқиға орнынан жасырынып кетсе, оның қозғалысының ықтимал бағытын, көлік құралының маркасын, түрін, мемлекеттік тіркеу белгісін, түсін, сондай-ақ ерекше белгілерін және жүргізушісін анықтайды . Оқиға болған жерді қарау және куәгерлерден сұрау кезінде алынған жасырынған көлік құралы мен жүргізуші туралы деректерді жол полициясының қызметкері саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекшісіне дереу баяндайды, бұдан әрі солардың нұсқауларына сәйкес әрекет етеді;

9) иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланатын адамдарды алып жүрген (егер олар медициналық жәрдемді қажет етпесе) көлік құралының оқиғасы бойынша материалдарды ресімдеген кезде, жол полициясының қызметкері жүргізушіге аталған оқиғалар жөніндегі материалдарды қарау кезінде қатысуды ұсынады, егер жүргізуші немесе жолаушылардың біреуі материалдарды қарау кезінде қатысуды қаламайтынын білдірсе, ол оқиғаға қатысушылар туралы материалдарды жазып алады және олардың кетуіне рұқсат береді. Мұндай жағдайларда оқиға болған жерді қарау туралы хаттамаға жүргізушінің болмау себебі туралы жазба жасалады және хаттаманы толтырушы мен екі куәгердің қолдары қойылады.

81. Жол-көлік оқиғасы болған орында бастапқы іс-әрекеттерді жүргізгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабында көзделген қылмыс белгілері жоқ болған және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар болған кезде қызметкер материалдарды рәсімдеген жағдайда ПМ-нің 2011 жылғы 15 ақпандағы № 52 бұйрығына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орынның сызбасы жасалады.

11. Көлік құралдарын іздестіру

82. Жол полициясының қызметкері айдап әкетілген, ұрланған көлік құралдарын, жүргізушілері жол-көлік оқиғалары орындарынан қашып кеткен көлік құралдарын іздестіру, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға байланысты өзге де қылмыстарды ізін суытпай ашу жөніндегі жұмысты жүзеге

а с ы р а д ы .

83. Патрульдеу бағыттарында және бекеттерде қызмет атқару кезінде жол полициясының қызметкері маркасы, түсі және сипатты белгілері іздестіруде жүрген, ұқсас көлік құралдарын тоқтатып, тіркеу құжаттарында жазылған олардың түрін, моделін, мемлекеттік тіркеу белгісін, сәйкестендірілген нөмірін, шассидің (раманың), қораптың және қозғағыштың нөмірін (тіркеу туралы куәлікті, техникалық паспортты, талонды, көлік құралының паспортын) салыстырады және ішкі істер органдары бөліністерінің кезекші бөлімі немесе қолда бар автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйелері арқылы іздеудегі көлік құралының, бөлінген және жоғалған арнаулы өнімдердің есебі бойынша тексерілетін нөмірлі агрегаттардың деректемелері мен тіркеу құжаттарын т е к с е р е д і .

84. Іздеудегі көлік құралын байқаған жағдайда жол полициясының қызметкері бұл туралы саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекші бөліміне дереу баяндайды, оны және ондағы адамдарды ұстауға шаралар қолданады. Бұл ретте жеке қауіпсіздікті, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау жөніндегі барлық қажетті шаралар, сондай-ақ қылмыстың іздерін, құралдарын, өзге де заттай айғақтарын сақтау үшін шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

85. Іздеуде жүрген көлік құралдары мен қылмысты әрекет жасаған адамдарды ұстаған кезде, сондай-ақ құжаттардың, мемлекеттік тіркеу белгілерінің қолдан жасалғаны, көлік құралдарына зауыттарда соғылған маркілердің өзгертілгені және жойылғаны, агрегаттар нөмірлерінің тіркеу құжаттарына, есептік деректерге, жоғалды (ұрланды) деп саналған құжаттарға сәйкес келмейтіні байқалса, материалдарды ресімдеу қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Жиналған бастапқы материалдар, ұсталған адамдар мен көлік құралдары заң бұзушылық байқалған (жасалған) орын бойынша ішкі істер органына тапсырылады.

86. Шұғыл "Перехват" жедел-іздестіру іс-шаралары немесе ішкі істер органдарының басқа да жедел жоспарлары енгізілген кезде жол полициясының жасақшалары қоршалған бекеттерде қайтадан орналастырылады және белгілері іздестіруде жүргендерге ұқсас, өтіп бара жатқан көлік құралдарына тексеру ж ү р г і з е д і .

87. Жол полициясының кіші жедел уәкілдері Департаменттердің жол полициясы басқармаларының жедел-іздестіру бөлімдерінің қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, барлық техникалық қызмет көрсету станцияларын, қылмыс жасалған орынға тікелей жақын орналасқан гараж кооперативтері мен автотұрақтарды тексеруді жүргізеді.

12. Жол қозғалысына қатысушылармен өзара қарым-қатынас жасау

88. Жол полициясы қызметкерлерінің жол қозғалысына қатысушылармен өзара іс-қимылы заңдылықты қатаң сақтауға, өзіндік міндеттемелерді нақты орындауға, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуде қатандықты, батылдық пен принципшілдікті ұштастыра білуге, азаматтарға ілтипатты, ізгілікті және сыйласымды қарым-қатынасқа негізделуі тиіс.

89. Жол қозғалысына қатысушылармен қарым-қатынас жасасу кезінде жол полициясының қызметкерлері оң қолын бас киіміне апарып өзін таныстыруы, өз лауазымын, арнаулы атағы мен аты-жөнін атауы, көлік құралын тоқтатуының себебі туралы айтуы тиіс. Азаматтар өтініш жасаған жағдайда, қызметкерлер өз құзыреті шегінде бұл талаптарды орындай отырып, көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдауға, ал қажет болған жағдайларда қойылған мәселені шешу үшін қайда жүгінуге болатынын түсіндіреді.

90. Азаматтармен әңгімелескен кезде жол полициясының қызметкерлері сабырлылық пен ұстамдылық көрсетуге міндетті, дауласпай, өзін-өзі ұстап, дәрекілікке дәрекілікпен жауап бермейді.

91. Жол полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеті жол қозғалысына қатысушыларға түсінікті болуы, ал басқа көлік құралдарының қозғалуы үшін олар амалсыздан бөгет жасамауы (кенеттен тежеуді қолдану, орын ауыстыру) үшін жүргізушілерге уақытында белгілер беріп отыруы тиіс.

92. Жол полициясы қызметкері көлік құралын тоқтатқан жағдайда дереу жүргізушіге келіп тоқтату себебін түсіндіреді.

93. Жүргізуші немесе жолаушылар қылмыс жасауда күдікті деп танылған жағдайларда жол көлігін тоқтатудың шын мәніндегі себебі туралы айтуға болмайды. Бұл ретте жол полициясының қызметкері өз ниетінің шынайы сипатын ашпастан-ақ, жүргізушімен әңгімелесу үшін сылтау табуы тиіс.

94. Өкімді, оларға қатысы бар азаматтардың қате немесе екі мағынада түсінуін болдырмай, қысқа және айқын беру керек.

95. Тәртіп бұзушыға оның әрекеттері құқыққа қарсы екендігі туралы түсіндіргенде ақыл айтпай, жол қозғалысы ережелерінің тиісті талаптарына сыпайылықпен және нақты түсінік беру тиіс.

96. Жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартқан кезде полиция қызметкерлері тәртіп бұзушыларға олардың әкімшілік құқықтары туралы қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасында к о з д е л г е н :

1) істің материалдарымен танысу, түсініктеме беру, айғақтар ұсыну, ұ с ы н ы м д а р ж а с а у ;

2) істі қараған кезде адвокаттардың заңгерлік көмегін пайдалану;

3) ана тілінде сөйлеу және егер іс жүргізілетін тілді білмесе, аудармашының қызметін пайдалану;

4) іс бойынша қаулыға шағым жасау жөніндегі олардың құқықтарын түсіндіреді.

97. Жанжалды жағдайлар, наразылықтар пайда болған кезде немесе жол қозғалысына қатысушының талабы бойынша ол омырау белгісінің нөмірін айтады және қолынан шығармастан қызметтік куәлігін көрсетеді, өз іс-әрекетіне шағым жасау құқығы мен тәртібін түсіндіреді, азаматқа өзінің келіспеушілігін жазбаша түрде беруді ұсынады. Бұл жөнінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамада жазба жасалады және қосымша материалдар жалпы материалдарға тіркеледі.

98. Құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде жол полициясының қызметкерлері азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, жол берілген құқық бұзушылықтың ауырлығы және болуы мүмкін салдары жөнінде өзіне жүктелген міндеттерді басшылыққа алуы тиіс.

99. Жол полициясының қызметкерлері қажетті жағдайларда азаматтарға:

1) жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсетуде және оларды емдеу мекемелеріне жеткізуді;

2) олардың өмірі мен денсаулығын заңсыз қол сұғушылықтан қорғауда және олардың меншігін сақтау жөнінде;

3) қызмет көрсетілетін бағыттың аумағы бойынша жүріп өтудің тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіруде;

4) көлік құралдарының техникалық ақауларын мүмкіндігінше түзеуде және бұзылған көлік құралдарын тасымалдауда жәрдем көрсетуге міндетті.

14. Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

100. Жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асырған кезде жол полициясының қызметкері жеке қауіпсіздікті сақтаудың мынадай негізгі шараларын:

1) қызмет өтеу орынын жол қозғалысына қатысушылар айқын көрініп тұратындай және құқық бұзушылықтың дер кезінде жолын кесуге мүмкіндік болатындай етіп таңдап алу;

2) тәуліктің қараңғы уақытында және көрудің шектеулі жағдайларында қызметті жолдардың жарық учаскелерінде өтеу, жарық беретін таяқ пен жарық шағылыстыратын жарақтың болуы;

3) тәуліктің қараңғы уақытында көлік құралдарын тоқтату үшін жолдың неғұрлым жарық учаскесін таңдап алу, оған мүмкіндік болмаса - патрульдік көлік шамының жарығын пайдалану;

4) тоқтатылған көлік құралының қатарында, есіктерді шұғыл ашқан кезде немесе кенеттен жүре бастағанда жүргізушінің жол полициясы қызметкеріне соққы беруін болдырмайтындай етіп тұру;

5) егер бұл көліктің қозғалысына бөгет жасаса немесе жеке қауіпсіздікке қатер туғызатын болса, жолдың жүріс бөлігінде құқық бұзушылыққа талдау жүргізуге жол бермеу;

6) жол қозғалысына қатысушы көлік құралдарын тоқтатқан кезде жүріп келе жатқан патрульдік көлікте арнайы жарық белгілерін қосып қою жөніндегі негізгі шараларды сақтауға;

7) көлік құралын тексерген кезде патрульдік көлікті тоқтатылған көліктің артына қою керек, тоқтатылған көлік құралының алдында немесе артында тұруға болмайды;

8) құжаттарды тексеру процесінде жол полициясының қызметкері өзі мен жүргізушінің арасында қауіпсіз қашықтықты ұстауы тиіс, оған арқасын қаратып бұрылуға және көлік құралында немесе қатар тұрған адамдарға бақылау жасауға болмайды, жасақшаның құрамында жүрген басқа қызметкерлер өзара сақтықты қамтамасыз ететіндей жерде тұруы тиіс;

9) іздестірудегі көлік құралдары немесе қылмыс жасауда күдікті адамдар байқалған жағдайда жасақшада жүрген қызметкерлер нақты жағдайға қарай, қаруды анықтау және алып алу мақсатында көлік құралын тінтуді жүргізу немесе ұсталғандарды жеке тінту кезінде қажетті сақтық шараларын қабылдайды;

10) көлік құралын тінтуді автомобильдің салонынан жүргізуші мен жолаушылар шығып кеткен соң және жасақша қызметкерлерінің біреуі олардың мінез-құлқын бақылап тұрған кезде жүргізу керек;

11) белгіленген патрульдеу бағытынан ауытқуға мәжбүр болған немесе бекетті ұзақ уақыт тастап кететін кезде жол полициясының қызметкері бұл туралы саптық бөліністің кезекші бөліміне, ал мұндай мүмкіндік болмаса таяудағы бекетке міндетті түрде баяндайды;

12) оқиға болған жерді қарау кезінде жол қозғалысы ережесінде көзделген апатты белгі беру құралдарының орнатылуын қадағалау, қажет болса қосымша белгілерді қою, сондай-ақ арнайы жарық белгілерін қосу, өзара сақтықты қамтамасыз ету тиіс.

14. Ерекше жағдайларда жол полициясы бөліністерінің қызметін ұйымдастыру

101. Бұқаралық іс-шараларды жүргізуді және төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуді «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету

жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі № 475 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1938 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес және ішкі істер органдарының арнаулы жоспарлары негізінде жүзеге асырады. Жоспарланған шараларды жүргізу кезінде жол полициясының күштері мен құралдарын орналастыруды саптық бөліністерінің басшылығы жедел жоспарларға сәйкес жүргізеді.

102. Санкцияланбаған, оның ішінде жолдар мен басқа да объектілерді қоршауға қатысты бұқаралық іс-шаралар кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздік кезінде жол полициясы жасақшаларының қажетті санын ішкі істер органының басшысы (жедел штабтың басшысы) белгілейді. Мұндай жағдайларда негізгі н а з а р :

- 1) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін бақылау-өткізу бекеттерін жедел орналастыру және жабдықтау, оларға полиция қызметкерлерін қою және ішкі әскерлер жасақшаларымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;
- 2) ұсталған көлік құралдары үшін уақытша тұрақтардың жұмысын ұйымдастыру және оларды сақтаудың тәртібін айқындау;
- 3) көлік құралдары қозғалысын ұйымдастырудың жаңа кестесін әзірлеу мәселелеріне аударылуы тиіс.

103. Орналастырылатын бекеттер мен патрульдеу бағыттарында жол полициясының қызметкері:

1) полиция қызметкерлерін, әскери жасақшаларды, сондай-ақ апаттық-құтқару қызметтерінің көліктік құралдарын тасымалдауды жүзеге асырушысы көліктік құралдардың бөгеліссіз өтуіне жағдай жасайды, төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға атсалысады;

2) қызмет жүргізілетін аумақтың аймағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қылмыстардың, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге шаралар қабылдайды, адамдардың мінез-құлқына бақылау жүргізеді;

3) жасақшаның басшысына (кезекші бөлімге) жедел жағдайдың барлық өзгерістері мен орын алған құқық бұзушылықтар туралы хабарлайды;

4) құқық бұзушылықтардың жолын кесуде полицияның басқа бекеттеріне көмек көрсетеді;

5) полицияның басқа бөлімдерімен бірлесіп, санкцияланбаған іс-шараларды жүргізуге байланысты салдарды жою және ең алдымен, көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

104. Қалыптасқан жағдайды есепке ала отырып, төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге жауапты басшының келісімімен патрульдеу бағыттары мен

бекеттерді орналастыруға түзетулер енгізіледі.

105. Табиғи апаттар, індеттер, ірі өндірістік апаттар, өрттер мен басқа да төтенше оқиғалар кезінде жол полициясының қызметкерлері жедел, апаттық-құтқару қызметтерінің автомобильдері бөгетсіз өтуіне жәрдемдеседі, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру және қолдау, адам мен мүлікті құтқару, зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету, қараусыз қалған мүліктерді сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

106. Табиғи апаттардың салдарынан пайда болған жол қозғалысындағы қиыншылықтар кезінде жол полициясының қызметкері бұл туралы кезекшіге баяндайды, жүргізушілерді қауіп туралы хабардар етуге шаралар қолданады. Қажет болған жағдайда қозғалысты уақытша шектейді немесе оған тыйым салады, көлік құралдарын қауіпті учаскені айналып өтуге бағыттайды, зардап шеккендерге көмек көрсетуді ұйымдастырады.

15. Бақылау-өткізу пункттерінде қызмет өткеру

107. Бақылау-өткізу пункттері өткізу режимін қамтамасыз етуге, құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қолдауға, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесуге және құқық бұзушыларды ұстауға (қозғалысты шектеуге, реттеуге және көлік құралдарын тінтуге) арналады. Одан басқа, бақылау-өткізу пункттерінің жасақшалары белгілі бір аумаққа енудің және одан шығудың ерекше режимін қамтамасыз ету, төтенше жағдай режимін қолдау және арнайы операциялар жүргізу үшін тартылуы мүмкін.

108. Бақылау-өткізу пункттерін басқару тәртібі арнайы мақсаттың ерекшеліктеріне және шешілетін міндеттердің құрамына байланысты болады. Олардың іс-қимылына басшылықты ішкі әскерлердің тиісті бөлімдері қолбасшылығының қатысуымен аумақтық ішкі істер органдары, ал төтенше оқиғалар жағдайында - соңғысы аумақтық ішкі істер органдары басшыларының қатысуымен жүзеге асырады.

109. Жекелеген міндеттерді шешу кезінде жол полициясы қызметкерлері жедел мәліметтерді алу үшін көзбен бақылауды және жол қозғалысына қатысушылармен қарым-қатынасты жүзеге асырады.

110. Жол полициясы бөліністерінің кезекші бөлімдері жанынан штабтық топтар құрылады, олар бақылау-өткізу пункттері жасақшаларынан және патрульдік топтардан келіп түскен мәліметтерді жинақтайды, қорытындылайды және оларға талдау жасайды, жедел мәліметтер мен өзге де ақпараттарды дайындайды, қалыптасқан жағдайдағы жол қозғалысының ұйымдастырылуына

баға береді; көлік құралдары мен олардың иелерінің тиесілігі туралы, қылмыс жасауда және қоғамдық тәртіпті бұзуда күдікті адамдар туралы мәліметтерді жедел тексеріп отырады.

16. Көлік құралдарына ілесіп жүру

111. Ілесіп жүру түрлі-түсті боялған, ажырату белгілері бар, арнайы дыбыс және жарық белгілерімен жабдықталған патрульдік көлікте жүзеге асырылады.

112. Ілесіп жүруге тапсырма алған саптық бөліністің командирі:

1) ілесіп жүру үшін қажетті патрульдік көліктің санын белгілейді;

2) колоннаның жүретін бағытын, қозғалысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін, патруль жасау бекеттері мен бағыттарын орналастыру жағдайларын, байланыс жүйесін және ілесіп келе жатқан патруль көлігінің экипажымен олардың өзара байланысын зерделейді;

3) ілесіп жүрудің құрамы мен басшысын тағайындайды, оларды тағылымдамадан өткізеді (ілесіп жүретін патруль көлігінің экипажы, әдетте, екі қызметкерден тұрады);

4) ілесіп жүру үшін бөлінген және радиобайланыс құралдары, арнайы жарық және дыбыс белгілерін беретін қондырғылары бар көлік құралдарының ақаусыздығын тексеруді ұйымдастырады.

113. Ілесіп жүретін көлік құралдарының жүргізушілерін тағылымдамадан өткізуді аға жолбасшы жүргізеді. Бұл ретте балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралына ілесіп жүру басталар кезде құжаттарды тексеруді жүргізеді, оның ішінде көлік құралының ақаусыздығын растайтын оны сырттай көзбен шолып қарау жүргізіледі, бұдан әрі ілесіп жүретін адамдар, тасымалданатын балалар саны, көлік құралдарының саны туралы ақпарат береді.

Балалардың ұйымдасқан тобын қалааралық тасымалдауды жүзеге асыру түнгі уақытта (кешкі сағат 22-ден бастап таңғы сағат 06.00-ге дейін), тұман, көктайғақ және басқа да қолайсыз жағдайларда жол берілмейді.

Балалардың ұйымдасқан тобын тасымалдауға тартылған көлік құралының техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асырған кезде көлік құралындағы балалардың екеуден кем болмауына, сары түсті жарқылдақ маякшалардың, «Балаларды тасымалдау» жол белгілерінің барына назар аудару керек.

114. Бір патрульдік көлік құралымен ілесіп жүрген кезде соңғысы олардың қозғалу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қашықтықта, әдетте, осы бағытта қозғалуға арналған сол жақтағы шеткі жолақ бойынша еріп келе жатқан автомобильдердің алдында жүруі тиіс.

115. Екі патрульдік көлік құралымен ілесіп жүрген кезде олардың біреуі

қозғалып, екіншісі осы бағытта қозғалу үшін бір ғана жолағы бар жолдарда және басқа да қауіпті жерлерде басқа көлік құралдарының одан озып кетуін болдырмау үшін, еріп келе жатқан колоннаның соңында жүреді.

116. Үш патрульдік көлік құралымен ілесіп жүрген кезде олардың біреуі (басшысы) еріп келе жатқан көлік құралдары колониасының алдында ілесіп жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей қашықтықта, екіншісі (белгі берушісі) - қауіпсіз және бөгетсіз жүріп өтуді қамтамасыз етуге шаралар қабылдау, ілесіп келе жатқан көлік құралдарының жақындағаны туралы жасақшаларға хабар беру және қозғалыстың жағдайлары туралы патрульдік көлік құралдарын алып келе жатқан экипажды хабарландырып отыру мақсатында, жетекші автомобильдің алдында осы бағытта жүруге арналған шеткі сол жақтағы жолақ бойынша 200-400 метр аралықта жүріп отырады. Үшінші патрульдік көлік құралы (соңындағысы) колоннаның соңында жүреді.

117. Алып жүру кезіндегі қозғалыстың жылдамдығын жолдағы жағдайларға, көлік құралдары мен жаяулар қозғалысының қауырттығына, ілесіп келе жатқан көлік құралдарының сипаттарына қарай аға жолбасшы белгілейді. Бұл жылдамдық күзетілетін адамдар мен ресми делегациялардың автомобильдерін ілесіп жүру жөніндегі нұсқаулықта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелерінде белгіленген ш е к т е р д е н а с п а у ы т и і с .

118. Егер Ілесіп келе жатқан колоннаның қозғалу жылдамдығы жол қозғалысы ережесінде рұқсат етілгенінен кем болса, ал жолдағы жағдайлар басқа көлік құралдарының одан озып кетуіне мүмкіндік бермесе, аға жолбасшы оның соңында жиналып қалған көлікті өткізіп жіберу үшін шаралар қабылдайды.

119. Көлік құралдарын жол полициясының патрульдік көлік құралдарымен алып жүру тиісті бюджеттерде көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

17. Жол-патрульдік қызметтің жұмысын бағалау

120. Жол-патрульдік қызметтің саптық бөліністері кезекші бөлімдерінің және әрбір қызметкердің жұмысы мынадай:

- 1) заңдылықты сақтау;
- 2) заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жедел жағдайды, өзінің құқықтары мен міндеттерін білу;
- 3) қылмыстарды ашуды ұйымдастыруды қамтамасыз ету, жол-көліктік және басқа оқиғаларға жедел ден қою;
- 4) басшылықты жасақшаға тартылған күштермен және құралдармен жедел қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) іздестіру және басқару апаратын өңдеудің және тапсырудың сапасы;
6) қылмыстар мен оқиғалар туралы келіп түскен хабарларды, өтініштерді есепке алудың уақтылығы;

7) қызметтік құжаттамалардың дұрыс жүргізілуі;

8) азаматтар өтініштерінің нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігі;

9) техникалық құралдарды пайдаланудың тиімділігі;

10) қарудың, оқ-дәрілердің, жедел-техникалық және арнайы құралдардың, байланыс, қорғау құралдарының, жедел және криминалистикалық техниканың, қызметтік құжаттаманың сақталуы;

11) азаматтармен және Ішкі істер органдары қызметкерлерімен қарым-қатынас мәдениеті;

12) кезекші ауысым қызметкерлерінің сыртқы сымбаты, кезекші бөлімге тапсырылып берілген қызметтік үй-жайлардың, көліктің және басқа мүліктің жай-күйі;

13) кезекші бөлім жасақшаларының іс-әрекетіне қатысты негізделген шағымдардың болуы жөніндегі негізгі бағыттармен бағаланады.

121. Жол-патрульдік қызмет қызметкерлерінің жұмысын олардың тікелей командирлері (бастықтары) мынадай:

1) жол полициясының қызметін реттейтін нормативтік құқық актілерін, жедел жағдайды, өзінің құқықтары мен қызметтік міндеттерін білу;

2) қызмет жүргізілетін аумақтағы апаттылық жағдай, әкімшілік-құқықтық қызметтің жол-көлік оқиғаларының болуына негізгі себеп болып табылатын жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылыққа бағытталуы;

3) заңдылықты, жол қозғалысын қадағалау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының Ішкісминінің, Ішкісмині Жол полициясы комитетінің бұйрықтары мен нұсқауларының талаптарын сақтау;

4) қызметтің өткерілуін тексеру кезінде қызметкердің тәртіпті, заңдылықты бұзушылыққа жол беру саны;

5) қызметкер үстінен түскен шағымдар саны, соның ішінде дәлелденгендері;

6) тәртіптілік, азаматтармен қарым-қатынастағы мінез-құлық мәдениеті;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалардың ресімделу сапасы;

8) жол-көлік жағдайы күрделенген кездегі кәсіби іс-әрекеттері;

9) жол қозғалысын қимылдар көмегімен реттей білуі;

10) қылмыстарды, әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмауға және жолын кесуге, қылмыстарды ашуға, қылмыскерлерді ұстауға қатысуы;

11) бекітіліп берілген патрульдік көлікті, жедел-техникалық және арнайы құралдарды ақаусыз күйде ұстауы, оларды пайдалана білуі;

12) қызметтік және дене шынықтыру дайындығы;

13) саптық бой түзеу, сыртқы сымбат жөніндегі негізгі көрсеткіштер бойынша бағалайды.

122. Жол-патрульдік қызметтің саптық бөліністерінің іс-әрекеті мынадай:

1) қызмет жүргізлетін аумақтағы апаттылық жағдай, әкімшілік-құқықтық қызметтің жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталуы;

2) тәртіп жағдайы және саптық бөліністер қызметкерлерінің заңдылықты сақтауы;

3) төтенше мән-жайларда және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға дайын болуы;

4) әлеуметтік сауалнамалардың, шағымдар мен талдаулардың және т.б. нәтижелері бойынша саптық бөліністердің іс-әрекетіне халықтың көзқарасы;

5) патрульдік көлікті ақаусыз күйде ұстау және арналған мақсаты бойынша пайдалану (техникалық дайындық коэффициенті), жедел-техникалық және арнайы құралдарды қолданудың нәтижелілігі жөніндегі негізгі бағыттар бойынша бағаланады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 1-қосымша
Формасы
Б е к і т е м і н

(ла у а з ы м ы , атағы, Т., А., Ә.)
20 ____ жылғы " ____ "

Бекеттер мен патрульдеу бағыттарының орналасуы

(бөліністің атауы)

р/с №	Бекет, бағыт №	Бекет, бағыт түрі (тұрақты, бір ауысымды, екі ауысымды, үш ауысымды)	Патрульдеу бағытының, бекетінің орналасуы	Жасақша түрі	Ерекше міндеттері
1	2	3	4	5	6

1. 2-бағанда әрбір патрульдеу бағыты үшін оның ұзындығы, шекаралары мен орталығы көрсетіледі.

2. 3-бағанда бекеттің түрі (жылжымалы, тұрақты) және патрульдеу түрі (авто-, мото- және жаяу), патрульдік автомобильдің (мотоциклдің) нөмірі, шақыру белгісі көрсетіледі.

3. 4-бағанда патрульдеу бағыты өзі жүріп өтетін қалалардың, елді мекендердің, көшелердің, алаңдар мен автомобиль жолдарының атауымен белгіленеді.

4. 6-бағанда ерекше міндеттермен қатар кезекші бөліммен, басқа бекеттер және патрульдеу бағыттарындағы жасақшалармен байланыс жасаудың тәртібі, сондай-ақ радиобайланыс тұрақсыз болатын аймақтар көрсетіледі.

Командир

_____ (саптық бөлініс)

20 __ жылғы " __ " _____ (атағы, Т.,А.,Ә.)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

і ш к і

і с т е р

о р г а н д а р ы н ы ң

ж о л

қ о зғ а л ы с ы

қ а у і п с і з д і г і н

қ а м т а м а с ы з

е т у

ж ө н і н д е г і

нұсқаулыққа 2-қосымша

Формасы

Бекітемін

К о м а н д и р

(б а с т ы қ)

_____ (б ө л і н і с)

_____ (атағы, Т.А.Ә.)

20 __ жылғы " __ " _____ взводтың (бөліністің)

жасақшаларын орналастырудың бекеттік ведомосі

1. Күш-құралдар есебі

Жеке құрам бойынша	Саны	Автокөліктерді және арнайы техниканы пайдалану	Саны
Тізім бойынша		Автомобильдер, барлығы	
Міндетті нормалар		Міндетті нормалар	
Нақты пайдаланылатыны		Нақты пайдаланылатыны	
Қызмет бабынан тыс жерде		Мотоциклдер	
а) кезекті демалыста		Міндетті нормалар	
б) іссапарда		Нақты пайдаланылатыны	
в) оқуда		Радиостанциялар	
г) сырқатталғандар		Міндетті нормалар	
д) демалыста		Нақты пайдаланылатыны	
е) басқа жұмыстармен		Жылдамдық өлшеу құралы	
		Міндетті нормалар	
		Нақты пайдаланылатыны	

1. Жасақшаларды ауысымдар бойынша орналастыру:

№ р/с	Автомобильдер	Инспектордың Т.,А.,Ә.	Шақыратын	Берілген қару	Патрульдеу учаскесі	Үзіліс уақыты	Нұсқама алуы туралы қолы	Ж П аға инспекторының жұмыс ауысымынан кейінгі қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

3. «Тосқауыл» арнайы жоспар қосылған кезде жасақтардың орналасуы:

Қызмет атқару орны	1-ші ауысымдағы ЖПИ Т.А.Ә.	1-ші ауысымдағы ЖПИ Т.А.Ә.
1	2	3

4 . Б а ғ д а р

5.Нұсқау беруді өткізушілер: _____
(ла у а з ы м ы , т . а . ә .)

6. Қызмет атқаруды тексеру

7. Жасақтардың орналасуының өзгеруі:

8. Жұмыс кестесі: 1-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін
2-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін
3-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін

9. Жеке құрам жұмысының есебі:

№	ЖПИ тегі а.ә.	Келгені туралы белгі	Барлығы ЖҚЕ бұзу	Оның ішінде ҚР ӘҚК баптары бойынша										Арнайы тұраққа жеткізілген	АІБ жеткізілген	М / а жеткізілген	Ескертпе
				461 б.1	461 б.2	461 б.3											

В з в о д к о м а н д и р і (б ө л і м ш е)

(атағы, т.а.ә., қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 3-қосымша
Формасы

№ _____ бекеттің (патрульдеу бағытының) карточкасы

1. Автожол _____
" _____ " км-ден бастап " _____ " км-ге дейін

2. Қызмет атқару түрі _____

3. Жол-көлік оқиғалары шоғырланған орындар (қиылыстар, елді мекендер,
жол учаскесі және т.б.) белгіленетін бағыт сызбасы

4. Бағыттың сипаттамасы;

1) 20 ___ жылдағы апаттылықтың ахуалы _____

2) апат орындары _____

3) бары: _____

4) қиылыстар _____

5) жол белгілері, бағдаршам объектілері _____

6) орналасуы _____

7) ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері _____

8) ПҚК бекеттері _____

9) медициналық мекемелер _____

10) жол ұйымдары _____

11) кәсіпорындар _____

12) оқу орындары _____

13) мектеп және мектепке дейінгі мекемелер _____

14) сауда орындары _____

15) ойын-сауық және спорт мекемелері _____

5. Патрульдеу бекетінің (бағытының) ерекшеліктері: радиобайланыс тұрақсыз болатын аймақтар, таяу жердегі ПҚК бекеттері, ішкі істер органдары (полиция бөлімшесі) кезекші бөлімінің телефоны, полицияның учаскелік инспекторы, медициналық мекеме, таяу жерде орналастырылған таксофондар және полиция аппараттарының бекеттері.

Командир _____

(с а п т ы қ б ө л і н і с)

20 ___ жылғы " ___ " _____ (атағы, Т.,А.,Ә.)

Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
нұсқаулыққа 4-қосымша
Формасы

Формасы Стационарлық бекеттің тиесілік табелі

1.	Арнаулы есептер деректерінің базасымен жалғасқан модемдік байланысы бар компьютер	1 кешен
2.	Стационарлық радиостанция	1 кешен
3.	Тасымалдағыш радиостанция	2 дана
4.	Дыбыс күшейткіш белгі беру қондырғысы	1 дана
5.	5. Телефон аппараты	1 дана
6.	«Кірпі» көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғы	2 дана
7.	Әрбір штаттық бірлікке оққағар, қорғану шлемі, оқ өтпейтін шлем	2 дана
8.	Қол кісендер	2 дана
9.	Жүргізуші куәліктері мен көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерді қолдан жасауды анықтауға арналған "Config-3M" құралы	2 дана
10.	ОЛД-41 типті ультракүлгін сәулелер көзі	1 дана
11.	Жол белгілері	2 дана
3.2.		2 дана
4.1.1.		2 дана
12.	Қалтафонары	2 дана
13.	Жарқылдайтын қызыл фонарь	2 дана
14.	Түйір лупа 4,5*	1 дана
15.	Метрлік рулетка (10 метрлік)	1 дана
16.	Жедел-техникалық құралдарды сақтауға арналған шкаф	1 дана
17.	Дәрі-дәрмектер мен медициналық құралдар салынған медициналық қобдиша	1 дана
18.	Медициналық зембіл	1 дана
19.	Жеңіл баспалдақ-басқыш	1 дана
20.	Фотожарқылдағышы бар фотоаппарат	1 кешен
21.	Автономды электркоректендіргіш	1 кешен
22.	Тасымалдағыш радиостанциялардың батареяларына қуат беру құрылғысы	1 кешен
23.	Патрульдік автомобиль немесе мотоцикл бір бекетке	1 дана

Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 7-қосымша
Формасы

Азаматтардың өтініштерін қабылдау және есепке алу ЖУРНАЛЫ

Ескерту. 7-қосымша алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2013 № 159 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 8-қосымша
Формасы

Жол-патрульдік қызметтің саптық бөлінісінің кезекші бөлімінде болуы қажет қызметтік анықтама материалдары мен басқа да қызметтік құжаттамалардың ТІЗБЕСІ

1. Қызметтік құжаттама

1. Жол қозғалысының қауіпсіздігі, ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің қызметтерін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер.

2. Саптық бөлініс кезекші бөлімінің ПМ, ПБ-нің, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының, әскери жол полициясының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органдарының, төтенше оқиғалар жөніндегі аумақтық органдарының кезекші бөлімдерімен, жол, коммуналдық, автокөліктік ұйымдармен, медициналық мекемелермен байланыс сызбасы.

3. Іздеу және қоршау іс-шараларының жоспарлары.

4. Дабыл бойынша жеке құрамды хабардар ету және жинау сызбасы.

5. Эпизодтық іс-шараларды өткізу кезіндегі жол қозғалысының қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у ж о с п а р л а р ы .

6. Қазақстан Республикасының облыстарына және қалаларына бекітілген

- автокөлік құралдарына нөмірлік белгілер серияларының тізбесі.
7. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының автомобильдеріне нөмірлік белгілерді бекіту тізбесі.
 8. Халықаралық автомобильдік қатынас үшін ашылған автомобиль жолдары және учаскелерінің тізбесі.
 9. Бекеттер мен патрульдеу бағыттарының (бағыттардың) орналасуы.
 10. Кіріс және шығыс жеделхаттар, телефон хабарламалары папкасы.
 11. Бекеттік ведомостер кітабы.
 12. Көлік құралдарының шығу және қайтып келу журналы.
 13. Қару-жарақты және арнайы техникалық құралдарды беру және қабылдау журналы.
 14. Көшелер мен жолдар жағдайындағы кемшіліктерді, жол қозғалысын реттеу техникалық құралдардың бұзылуын есепке алу журналы.
 15. Арнайы техникалық құралдардың ақаусыздығын және олардың бұзылуын тексеруді есепке алу журналы.
 16. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды есепке алу журналы.
 17. Жедел кезекшінің жазбалар дәптері.
 18. Жол-көлік оқиғасын есепке алу журналы.
 19. Азаматтардың өтініштерін қабылдау журналы.
 20. Келушілерді есепке алу журналы.
 21. Іздеу салынған көлік құралдарын есепке алу журналы.
 22. Кезекші бөлімге жеткізілген адамдарды есепке алу кітабы.
 23. Ұсталған көлік құралдарын беру журналы.
 24. Кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабы.
 25. Жол-көлік оқиғаларын және жол қозғалысы ережелерін бұзуды ресімдеу үшін белгіленген бланкілер кешені.

2. Картотекалар және анықтамалық материалдар

1. Патрульдеу бағыттары және бекеттердің картотекалары. Жол полициясы бөлінісінің жеке құрамы мен басшы құрамының мекенжайлары және телефон нөмірлері көрсетілген алфавиттік тізімі (картотекасы).
2. Кезекшінің: жол-көлік оқиғасы кезіндегі; оқиға болған жерден қашып кеткен жүргізушілер мен көлік құралдарын іздестіру және ұстау жөніндегі; айдап әкетілген және ұрланған көлік құралдарын, іздеу жарияланған қылмыскерлерді іздестіру жөніндегі; қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың қаупі туындаған кездегі; қар басу, көктайғақ, тұман түсу, су тасқыны кезіндегі; өрт, эпидемия, эпизоотия, жер сілкіну кезіндегі және басқа да төтенше жағдайлардағы іс-әрекет жасаудың

тізбесі

бар

картотека.

3. Патрульдеу бағыттары мен бекеттердің, сондай-ақ радиобайланыс нашар өтетін аймақтардың орналасуы көрсетілген қызмет көрсету аумағының картасы.

4. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуінің, облыстың, қаланың автомобиль жолдары және темір жолдары көрсетілген картасы.

5. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуінің анықтамалығы, облыстық, қалалық (аудандық) мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың мекенжайы, телефондары көрсетілген анықтамалық; алаңдардың, көшелердің, кенттердің, қоғамдық көліктің бағыттары және басқа да мәліметтер көрсетілген атаулары, облыстық, қалалық (аудандық) телефон желісі абоненттерінің атаулары.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

і ш к і

і с т е р

о р г а н д а р ы н ы ң

ж о л

қ о з ғ а л ы с ы

қ а у і п с і з д і г і н

қ а м т а м а с ы з

е т у

ж ө н і н д е г і

нұсқаулыққа 9-қосымша

Формасы

Көлік құралдарын пайдалануды есепке алу

ЖУРНАЛЫ

(бөліністің атауы)

20 ____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 ____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

№ р/р	Автомотокөліктің маркасы, моделі	Мемлекеттік тіркеу белгісі	Шығу уақыты	Қайтып келу	Автомотокөлік бекітіліп берілген қызметкердің тегі, аты-жөні	Ескертпелер
1	2	3	4	5	6	7

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

і ш к і

і с т е р

о р г а н д а р ы н ы ң

ж о л

қ о з ғ а л ы с ы

қ а у і п с і з д і г і н

қ а м т а м а с ы з

е т у

ж ө н і н д е г і

нұсқаулыққа 10-қосымша

Формасы

Қару-жарақ, жедел-техникалық және арнайы құралдарды беру мен қабылдап алу журналы

(бөліністің атауы)

20 ____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 ____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

Беру күні	Кімге берілді (т., а., ә.)	Қару-жарақтың және ок-дәрілердің атауы	Берілді			Қабылданды	
			Саны қарудың нөмірі)	(Алғандығы жөнінде қолхат	Қабылдап алған күні	Саны (қарудың нөмірі), ақаусыз, ақауы бар	Алғаны туралы қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

2. Қызметкерлерге жедел-техникалық және арнайы құралдарды беру және олардан қабылдап алуды есепке алу.

Беру күні	Кімге берілді (т., а., ә.)	Арнайы техникалық құралдардың атауы (маркасы, зауыттық нөмірлері)	Берілді		Қабылданды		
			Саны	Алғаны туралы қолы	Қабылдаған күні	Саны, ақаусыз, ақауы бар	Қабылдап алған қызметкердің қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Кезекшілерге жедел-техникалық және арнайы құралдарды қабылдап алу және тапсыруды есепке алу

Қабылдау тапсыру күні	Қабылдаған адамның аты-жөні, тегі	Тапаншалар		9 мм-лік патрондар		Басқа да қару-жарак			
		тапсырылуы тиіс (бірлік)	Оның ішінде		тапсырылуы тиіс (бірлік)	Оның ішінде		тапсырылуы тиіс (бірлік)	Оның ішінде
			Шкафта	Пайдалануда		Шкафта	Пайдалануда		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Радиостанциялар	бағдартаяқтар	Ж П Қ чемодандар	Жылдамдықты өлшеуіштер	ЖҚЕ-ны бұзуды тіркеуге арналған құралдар	"спирттік ішімдікті қолдануды анықтау" түтікшесі	Басқа да және жедел техникалық және арнайы құралдар	Тапсырды (қолы) жеке мөрдің нөмірі	Қабылда (қолы), мөрінің нөмірі
12	13	14	15	16	17	18	19	20

1. Журналды аға кезекші-инспектор (кезекші-инспектор) жүргізеді.
2. Қызметкерлерге қару, жедел-техникалық және арнайы құралдар беруді кезекші ішкі істер органдарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

3. 3-бөлім "Кезекшінің қару-жарақ, жедел-техникалық және арнайы құралдарды беруі мен қабылдап алуын есепке алу" кезекші бөлімнің тәуліктік жасақшаларының әрбір ауысымында толтырылады. 3, 6, 9-бағандардағы өзгерістерді тек қана саптық бөліністің материалдық-жауапты адамы енгізеді.

4. Журнал тігіліп, нөмірленуі тиіс.

5. Ережелер журналдың сыртқа парағының ішкі жағына жазылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 11-қосымша
Формасы

Жол-көлік оқиғаларын есепке алу журналы

(бөліністің атауы)

20 ____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 ____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

р / р № , карточканың жіберілу күні және шығыс нөмірі	Арыз (хабар) қашан келіп түсті (күні, сағаты)	Хабар қайдан келіп т ү с т і Арызданушының т., а., ә., тұратын жері, телефоны	Қаза болғандар мен жараланғандар саны	Оқиғаның қысқаша сипаттамасы (орны, уақыты, мән-жайлары мен себептері; зардап шеккендер және ЖКО-ға қатысы бар көлік құралдары туралы мәліметтер)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кезекшінің қабылдаған шаралары, тергеу, жедел-тергеу тобының (жасақшалардың) құрамы, шығу уақыты (сағат, минут) Пайдаланылған жедел-техникалық және арнайы құралдардың тізбесі	ЖКО туралы кімге хабарланды Хабарланған уақыты	Материалдарды карау кімге тапсырылған Істің, іс қозғаудан бастарту туралы қаулының нөмірі	Жіберілген күні және есеп карточкасының шығыс нөмірі
6	7	8	9

1. Журналға қызмет көрсетілетін аумақтағы материалдық зиян келтіруге әкеп соққан (оның көлеміне қарамастан) оқиғаларды қосқандағы барлық жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтер жазылады.

2. 3-бағанда жоғары тұрған жол полициясы бөлінісіне жіберілетін жол-көлік оқиғаларын есепке алу, сондай-ақ транзиттік көлік құралы тіркелген жердегі карточкалардың шығыс нөмірі мен жіберу күні қойылады.

3. 7-бағанда жол-көлік оқиғалары туралы хабарлама тапсырылған

адамдардың (ішкі істер органдарының қызметкерлері, көлік, жол, коммуналдық ұйымдардың, медициналық мекемелердің қызметкерлері) лауазымдары мен тектері көрсетіледі.

4. Журнал тігіліп, нөмірленуі тиіс.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
і ш к і і с т е р органдарының
ж о л қ о зғ а л ы с ы қауіпсіздігін
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 12-қосымша
Формасы

Ілесіп жүруді есепке алу журналы

№ р/с	Ілестіріп жүрудің басталуы және аяқталуы, күні және уақыты	Жүру бағыты	Ілестіріп жүргізген көлік құралдарының саны	Ілестіріп жүрген адамдардың санаты	Ілестіруді ұйымдастырушылар	Жол полициясы жасақшасының патрульдік автомобилінің және патрульдік автомобилінің мемлекеттік нөмірі	Орындалған шаралардың нәтижесі және ескертпелер

Қ а з а қ с т а н Республикасы
і ш к і і с т е р органдарының
ж о л қ о зғ а л ы с ы қауіпсіздігін
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 13-қосымша
Формасы

Қызметтік кітапша

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

(бөліністің атауы)

20 ____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 ____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

I. Мекенжайлары мен телефон нөмірлері (мемлекеттік билік және басқару органдарының, ішкі істер органдарының).

II. ЖЖЕ бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар сомасы көрсетілген кесте.

III. Қызмет өткеруді есепке алу.

Күні	Қызметтің басталу және аяқталу уақыты	Патрульдеу бекетінің (бағытының) №	Анықталған ЖҚЕ бұзу саны	Қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға және қылмысты ашуға қатысу

--	--	--	--	--

***Көрсетілген таблицаның жолдары қызметтік кітапша парақтарының санына байланысты**

Тексеру уақыты	Тексеру нәтижесі	ЖКО 20 __ ж./20 __ ж.
__ сағ. __ м.		С а н ы : _____/_____
__ сағ. __ м.		Қ а й т ы с _____ болды : _____/_____
__ сағ. __ м.		Ж а р а қ а т _____ алды : _____/_____
__ сағ. __ м.	Бағдар	

Кезекші бөліммен байланысқа шығу уақыты.

1. __ сағ. __ м.; 2. __ сағ. __ м.; 3. __ сағ. __ м.; 4. __ сағ. __ м.; 5. __ сағ. __ м.; 6. __ сағ. __ м.;

7. __ сағ. __ м.; 8. __ сағ. __ м.; 9. __ сағ. __ м.; 10. __ сағ. __ м.; 11. __ сағ. __ м.; 12. __ сағ. __ м.;

***көрсетілген кесте кітапшаның жұп беттеріне болады**
20 __ ж. « __ » _____

<i>Тәулік бойы айдап әкетілген көлік құралдары</i>					
марка	мем. нөмір	түсі	шанақ	қозғатқыш	Ерекше белгілері

Барлығы облыс бойынша/аумақ бойынша: _____ / _____

Облыс бойынша табылғаны/аумақ бойынша: _____ / _____

Облыс бойынша іздеуде/аумақ бойынша: _____ / _____

*** көрсетілген кесте кітапшаның тақ беттеріне болады**

VI. Басқа да жазбалар

1. Патрульдеу бекеттері мен бағыттарында қызмет өткеруге тартылатын барлық жол полициясы қызметкерлері қызметтік кітапшалармен қамтамасыз е т і л е д і .

2. Қызметтік кітапшалар бөліністің (ішкі істер органының) кезекші бөлімінде сақталады және қызметкерлерге қызмет өткеру кезеңіне беріледі.

3. 6-бөлімдегі "Басқа да жазбаларға" кезекші бөлімге қызмет көрсетілетін учаскедегі жедел жағдайдың өзгеруі туралы хабарлаулар; жол қозғалысы саласындағы белгіленген ережелерді сақтау туралы лауазымды адамдарға және

азаматтарға қойылатын нақты талаптар; оқиға болған жерде болған куәгерлер, қылмыстар туралы хабарлаған азаматтар және талдау жұмыстары оқиға болған орындарда жүргізілген адамдар және т.б. туралы мәліметтер.

4. Барлық жазбалар анық және түсінікті жазылуы тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 14-қосымша
Формасы

**Көшелер мен жолдардың жай-күйінің кемшіліктерін,
жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының
зақымдануын есепке алу журналы**

(бөліністің атауы)

20 _____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 _____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

р/с №	Ақпараттың келіп түскен күні мен уақыты	Анықталған кемшіліктер, зақымданулар туралы хабарлаған адамның тегі мен аты-жөні	Кемшіліктер, зақымданулар анықталған жол, көше, қиылыс	Кемшіліктердің, зақымданулардың сипаттамасы	Кемшіліктерді, зақымдануларды жою қажеттігі туралы хабарлама кімге және қашан берілді	Кемшіліктердің, зақымданулардың жойылған күні; жойылғандығы туралы баяндаған адамның тегі, аты-жөні